ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН
ҚАБЫЛ БОЛҒАН ДҰҒА
4

ӘДЕБИЕТ
ӨМІРШЕҢ ШЫҒАРМА, ӨЛМЕЙТІН ТАҚЫРЫП
6

Munara
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТІ
№20 (74)
18.10.2022
СЕЙСЕНБІ

ГИПЕРТҰТЫНУ ЗАРДАБЫ

Қазіргі уақытта біз адамзаттың бүгінгі кезеңдегі дамуын сипаттау кезінде «гипертұтыну» ұғымына жиі тап болудамыз. Гипертұтыну – тауарларды рационалды және функционалды емес тұтыну, яғни шектен тыс тұтыну құбылысы. Бұл нәрсе капиталистік қоғамның кірісті барынша арттыруға деген ұмтылысын қолдайтын және қуаттайтын барлық нәрсені қамтиды. Оның ішінде сұранысты үнемі ынталандыру арқылы адамның қажеттіліктерін шексіз көбейтуге тырысады.

Бүгінгі таңда әлемдегі адамдардың көпшілігі бірнеше ғасыр бұрын өмір сүрген адамдардың проблемаларына тап болмайды. Ол кезде адамның өмір сүруі оның тұрғын үй салу, тамақ табу және т.б. қабілетіне тікелей байланысты болған. Технологиялық прогрестің дамуымен әлемнің барлық елдерінде адамның өмір сүру деңгейі де айтарлықтай өсті.

Алайда бір проблеманы шешсе де, адамзат екіншісіне, алдыңғыдан гөрі қауіптірек проблемаға жолықты. Бүгін біз тұтыну қоғамында, нақтырақ айтқанда гипертұтыну қоғамында өмір сүріп жатырмыз. Адам барынша көбірек тұтынуға тырысады. Өмір сүру үшін тұтынатын қоғамнан тұтыну үшін өмір сүретін қоғамға айналдық. Неге олай болды?

Бірінші себеп – бақытсыздық. Көптеген адамдарда «тұтынуды арттыру – бақытты болудың жолы» деген алдамшы түсінік қалыптасты. Адам өзіне қажет емес заттарды сатып алу арқылы бақытсыздықтан құтыламын деген ойда болды. Бірақ мұндай жағдайда ақша тез бітеді және бәрі қайтадан бастапқы қалпына келеді де, адам қайтадан бақытсыз күйге түседі. Содан кейін ол жұмысқа орналасу арқылы ақша табудың жолын іздей бастайды. Жұмысы өзіне ләззат әкелмегендіктен, ол одан сайын бақытсыз бола бастайды. Осылайша адамның өмірі бақытсыздықтың тұйық спираліне айналады.

Дағдарыс – тұтыну қоғамының ажырамас элементі. Мұндай жағдайда қалай әрекет ету керектігі туралы игерілген білім болмағандықтан, бұдан шығудың жолы жоқ. Осылайша көптеген адамдар үнемі тұтынушы болып қалады және әрдайым оларға бірдеңе жетіспей тұрады. Аздаған қоры болса да, біраз уақыттан соң дағдарыс салдарынан адамдар оны жоғалтады. Осылайша олар қайтадан ақша табуға және тұтынуға мәжбүр болады.

3 бет

ЖЕЛІДЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІК

немесе жабыла құттықтау жайында

Бір адамның бір адамды теріс әрекеті үшін сырттай айыптауға хақы жоқ шығар, бәлкім. Алайда қандай да бір үрдістің топтық сипат алуына қатысты сыни пікір айтудың еш әбестігі бола қоймас деп білеміз. Турасына көшер болсақ, мәселе Фейсбук әлеуметтік желідегі әңгіме ауаны, соның ішінде әлдебір лауазымға тағайындалған азаматты жабыла құттықтау жайында болмақ.

3 бет

ӘДІЛДІК – ӘЛЕМНІҢ ҚАЗЫҒЫ

Ең үлкен ақиқат – Алла Тағаланың барлығы және бірлігі. Бұл әлем Ұлы Жаратушының теңдессіз туындысы болғандықтан, онда үйлесім мен тәртіп бар. Сол үйлесім мен заңдылыққа сәйкес өмір сүруді «дін ұстану» десе, Алла Тағала бекітіп берген сол үйлесім мен заңдылықты сақтауды «әділдік» деп атайды.

5 бет

АДАМ МИЫНЫҢ АҚИҚАТЫ

Ми адамның тұлғасын қорғау үшін оны алдайды. Сондықтан оның өтірігіне алданып қалмау керек. Ол үшін Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ұстанған жолмен жүрсек жетіп жатыр. Адамның көпшілігі мақсатқа жету жолында қиындықтарға шыдамай, оңай беріледі. Алайда мәселе – сол сәттегі қиындықта емес, қиындықты мидың қалай қабылдайтынында. Ал мұсылман әрбір қиындықты Алладан келген сынақ деп қарастырады.

5 бет

БАСПАСӨЗ-2023

«МҰНАРА» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: 64747

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

	Қала бойынша	Аудан-ауыл бойынша
3 айға	577,80 теңге	603,60 теңге
6 айға	1 155,60 теңге	1 207,20 теңге
12 айға	2 311,20 теңге	2 414,40 теңге

«МҰНАРА» (MUNARA1) ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОШТА» АҚ-НЫҢ БАРЛЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ, СОНДАЙ-АҚ ҚМДБ-ҒА ҚАРАСТЫ БАРЛЫҚ МЕШІТТЕР АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ. ГАЗЕТ АЙЫНА 2 РЕТ ШЫҒАДЫ.

АНЫҚТАМА ТЕЛЕФОНДАРЫ:
«ҚАЗПОШТА» АНЫҚТАМА БӨЛІМІ: 8 (7172) 58-02-96
«МҰНАРА» ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКЦИЯСЫ: 8 (7172) 99-98-66

QR КОД АРҚЫЛЫ ТЫҢДАҢЫЗ!

Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының «Тәпсірлердің таңдаулысы» тақырыбындағы дәрісін осы жерден тыңдауға болады.

ҚМДБ Уағыз-насихат бөлімінің меңгерушісі Батыржан Мансұровтың дәрісін тыңдаңыз. Дәріс тақырыбы – «Хадис тағылымы».

ҚМДБ Уағыз-насихат бөлімінің маманы Думан Сайфулланың «Нәпсі тәрбиесі» тақырыбындағы дәрісін ұсынамыз.

Әр айдың намаз кестесін осы жерден көрсеңіз болады.
Мұнда еліміздің барлық қаласындағы намаз кестесі жинақталған.

БАС МҮФТИ СИНГАПУР МИНИСТРІМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы Астанадағы Республикалық бас мешітте Сингапур Республикасы Премьер-министрі кеңсесінің министрі, екінші Сыртқы істер министрі доктор Мохаммед Османмен кездесті.

Екіжақты кездесуде дінаралық қатынас, тәжірибе алмасу, исламдық білім беру жүйесі сөз болды. Құрметті қонақты жылы қарсы алған Бас мүфти ең алдымен жаңа мешітті таныстырып, ерекшелігін атап өтті.

Өз кезегінде доктор Мохаммед Осман Қазақстанға тұңғыш рет келіп отырғанын айтты. Мешіттің сәулетіне таңқалған құрметті қонақ ҚМДБ Төрағасына ыстық ықыласы үшін алғыс білдірді.

Бас мүфти шетелдік мейманға дәстүрге сай құрмет көрсетіп, қонаққәде ұсынды. Кездесу соңында тараптар болашақта бірнеше бағыт бойынша жұмыс істеуге уағдаласты.

ТҮРІКМЕНСТАН ПРЕЗИДЕНТІ БАС МЕШІТТЕ БОЛДЫ

Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Түрікменстан президенті Сердар Бердімұхамедов Астанадағы Республикалық бас мешітте болды. ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы Түрікменстан Президентін қарсы алып, Бас мешіттің тыныс-тіршілігімен таныстырды.

Бас мүфти Астанадағы жаңа мешіттің әлемдегі ең үлкен он мешіт қатарына енгенін, бүгінде құлшылық орнына келушілер саны мол екенін алға тартты. «Мешіт ішінде 35 мың адам намаз оқи алады. Ал жалпы сыйымдылығы – 235 000 адам» дей келе, бүгінде Бас мешітті құлшылық ордасы ғана емес, рухани-ағарту орталығына айналдыру мақсатында ірі жобалар атқарылғалы жатқанын атап өтті.

АСТАНАДА ЖАҢА МЕШІТ АШЫЛДЫ

Астана қаласында жаңа мешіт ашылды. Игі іс-шараға Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы қатысып, жамағатты жаңа мешіттің ашылуымен құттықтады.

«Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дүниеге келген қасиетті Мәуліт айында Астана қаласы бойынша 14-мешіт есігін айқара ашып, жамағаттың игілігіне беріліп отыр» деді Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы. ҚМДБ Төрағасы мешітті салған азаматтарға айрықша алғыс білдіріп, игі тілегін жеткізді.

Айта кетсек, қаланың Көктал шағынауданында ашылған жаңа мешітте бір мезетте 500 адам құлшылығын өтей алады.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ БАС ИМАМЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бұйрығымен Қарағанды облысының бас имамы тағайындалды.

Наиб мүфти, Шариғат және пәтуа бөлімінің меңгерушісі Сансызбай Құрбанұлы Қарағанды облыстық «Әнет баба» мешітінде жамағатқа бас имамды таныстырып, ҚМДБ Төрағасының бұйрығын оқып берді. Жауапты қызметке бұған дейін Теміртау қаласының бас имамы болған Естай Әбдіғалиев тағайындалды.

Ал Қарағанды өңірінде он жылға жуық бас имам қызметін атқарған Өмірзақ қажы Қазкенұлына құрмет көрсетіліп, иығына қазақы дәстүрмен шапан жабылды.

Айта кетейік, жаңа бас имам Естай Әбдіғалиев дін жолындағы қызметін Қарағанды облысының ауылдық мешіттерінде ұстаздықтан бастап, Астана қаласындағы «Ырыскелді қажы», «Әзірет Сұлтан» мешіттерінде наиб имам, 2020 жылдан бері Теміртау қаласының бас имамы қызметтерін атқарды.

«БАҚЫТТЫ ШАҢЫРАҚ» ҚОРЫНА ТАРТУ ЖАСАДЫ

ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы елордадағы «Бақытты шаңырақ» қайырымдылық қорына барып, сый-сияпат жасады.

Игі іс-шара аясында Бас мүфти «Зекет және қайырымдылық» қоры атынан мүгедек балалары бар отбасыларға қолдау және көмек көрсететін «Бақытты шаңырақ» қоғамдық қорына «Тұз шахтасын» орнатуға қажетті қаражатты сыйлады.

«Қасиетті Құранда «Жақсылық жасауда жарысыңдар» деген. Біз әрдайым қуантуға тырысамыз. Бүгін Орталықтың жұмысымен таныстым. Еміне шипа іздеп, дертті болған балалар тезірек сауығып кетсін. Балалар ауырмасын. Соларға қамқорлық танытып отырған қордың жұмысына табыс тілеймін» деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Айта кетейік, тұз шахтасы созылмалы ауруларды емдеуде аса айрықша рөл атқарады. Спелеотерапия тау қуысы микроклиматының, тұзды шахталардың, үңгірлердің табиғи микроклиматын пайдалануға негізделген дәрі-дәрмексіз емдеудің ең әсерлі түрі саналады. Тұз шахтасындағы бір процедураны теңізде болған бір күнмен теңестіруге болады.

«МЕЙІРІМДІ МҰХАММЕД» МӘУЛІТ КЕШІ ӨТТІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы Алматыдағы Республика сарайында «Мейірімді Мұхаммед» (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тақырыбында өткен Мәуліт кешіне қатысып, жамағатқа уағыз айтты.

«Мәуліт – пайғамбарлардың сардары Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дүниеге келген, әлемді нұрға толтырған Құдай Тағаланың мейірімрахымын молынан жаудырған тарихи күн. Өздеріңіз жақсы білесіздер, Пайғамбарға салауат айтқан адам сансыз сауапқа кенеледі. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кім маған бір салауат айтса, Алла Тағала оған он салауат айтады» деген.

Біз бұл хадистен сансыз сауапқа кенелу үшін көбірек салауат айту қажеттігін түсінеміз» деді Наурызбай қажы Тағанұлы. Сонымен қатар Бас мүфти рухани кешке жиналған жамағатқа асыл дініміздегі адал еңбек етудің маңызы жайлы атап өтіп, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мандай термен нәпақа табуға жігерлендіретін қасиетті хадистерін мысал етті.

Ғибратты кеште Аллаға мадақ, Пайғамбарға салауат айтылып, Мәуліт жыры оқылды. Сонымен қатар ғибратты сахналық көріністер қойылып, жыр-термелер орындалды.

Кеш соңында Бас мүфти рухани іс-шараның өтуіне демеушілік жасаған белгілі меценат Бахарадин Аблазимовты «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына 30 жыл» мерекелік медальмен марапаттады. Сондай-ақ мерекелік бағдарламаға үлес қосқан белгілі жыршы Жәкен Омаровқа, «Өнер қырандары» мен «HasSak» ұжымына алғыс хатын табыстап, ризашылық ниетін жеткізді.

Мәуліт мерекесінде «Зекет және қайырымдылық» қорының «Ел үлесі – пәтерге» жобасы аясында Түрксіб аудандық «Мекке» мешітінің имамы, көпбалалы әке Рахматулла Моллақағанатұлына 596-пәтер кілтін табыстады.

Бас мүфти «Алла Тағала жаңа баспанаңыздың ішін жанға, сыртын малға толтырып, отбасыңызға берекелі ғұмыр нәсіп етсін» деген ізгі тілегін білдірді. Айта кетсек, аталған қайырымдылық жоба бойынша Алматы қаласында осымен 20-пәтер өз иесіне берілді.

Республика сарайында өткен Мәуліт кешінен түскен қаражат сертификатын көмекке мұқтаж отбасыларға, науқас жандарға табысталды. «Сіздер Мәуліт кешіне келіп, рухани азық алумен қатар қайырымдылық жасап отырсыздар. Билеттен түскен қаражат қайырымдылыққа жұмсалды. Алла Тағала бұл жақсылықтарыңыздың қарымын өздеріңізге еселеп нәсіп еткей» деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Рухани кешке келген жамағат көрме залына қойылған Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тұрған үйінің макетін, қолмен жазылған Құран Кәрім түпнұсқаларын, Алла елшісінің өмірінен сыр шертетін суреттерді, атап айтқанда күнделікті өмірде қолданған ыдыс-аяқтар мен тұрмыстық заттардың суреттерін тамашалады.

Сондай-ақ Алматы қаласында Хусамуддин ас-Сығанақи атындағы ислам институтының Ижаза беру орталығының бөлімі ашылды. Игі іс-шара қасиетті Құран аятымен басталып, Бас мүфти жамағатты жаңа ғимараттың ашылуымен құттықтады. Наурызбай қажы Тағанұлы орталықтың бөлімше директоры болып тағайындалған белгілі қари Ақжолтай Бақытжанұлына ізгі тілегін білдірді. ҚМДБ Төрағасы бөлімше ғимаратын аралап, жаңадан қабылданған шәкірттерге насихат айтты.

Бұдан бөлек Наурызбай қажы Тағанұлы Алматыдағы елімізге танымал спортшылармен кездесті. ҚМДБ Алматы облысындағы өкілдігінің ұйымдастыруымен табиғат аясында өткен еркін пікір алмасу форматындағы басқосуға Қазақстан жекпе-жек өнері қауымдастығының вице-президенті Сәрсен Құранбек, белгілі спорт шеберлері Ардақ Назаров, Бейбіт Ыстыбаев, Данияр Қасқарауов, Нұрбақыт Теңізбаев, Руслан Әбдіразақ, Алмат Кебіспаев, Дархан Әшіров, Жанқош Тұраров, Арман Әшімов т.б. чемпиондар қатысты. Бас мүфти басқосуда еліміздегі мұсылман қауымының, оның ішінде ел намысын әлемдік деңгейде қорғап жүрген спорт шеберлерінің рухани бірлігін нығайтудың, бауырмашылдықты арттырудың маңызын айрықша атап өтті. Спортшылар кездесуге ұйытқы болған дін қызметкерлеріне алғыс айтып, Діни басқарма бастамаларын қолдайтынын жеткізді.

ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы Алматы облысына барған сапарында Қонаев қаласында болып, бірқатар іс-шараларға қатысты. Бас мүфти алдымен Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиевпен кездесті.

Кездесуде өңірдегі діни ахуал талқыланды. Сонымен қатар имамдардың білімі мен біліктілігін көтеру, дін қызметкерлерін әлеуметтік тұрғыдан қолдау, аймақтағы мешіттерді кадрлармен қамтамасыз ету, халыққа дін мен дәстүр сабақтастығын дәріптеу, жастарды деструктивті діни ағымдардың идеологиясынан сақтандыру т.б. мәселелер сөз болды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халқымыздың біртуар тұлғасы, мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаев есімін жаңа облыс орталығындағы қалаға беру туралы бастамасы біздің діни саладағы жұмысымызға оң серпін беруде. Қонаев қаласынан Діни басқарма өкілдігін аштық» деді Наурызбай қажы Тағанұлы. Кездесуде ҚМДБ Төрағасы облыс басшысына игі ниетін жеткізіп, жаңа қызметіне береке тіледі. Басқосу соңында тараптар ортақ жобаларды жүзеге асыруға уағдаласты.

Қонаев қаласында «Қариялар – қазығы дәстүрімнің» тақырыбында аймақтық Алматы қаласы, Алматы және Жетісу облыстарының ақсақалдар форумы өтті. Форум жұмысына Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, Түркі мемлекеттері ұйымы Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Икрам Адырбекұлы, белгілі жазушы, ҚМДБ Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Смағұл Елубай, ақын, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрлан Оразалин, мемлекет және қоғам қайраткері, ҚМДБ Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Марат Тоқашбаев т.б. зиялы қауым өкілдері мен имамдар қатысты. Форумда сөз алған облыс әкімі Марат Елеусізұлы Діни басқарманың игі бастамасына сәттілік тілеп, жүрекжарды лебізін жеткізді.

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДА АҚСАҚАЛДАР БАС ҚОСТЫ

Басқосуда баяндама жасаған Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы: «Дәстүріңді бақ қанын – үмітіңді жақ қанын. Салт-дәстүріне, ұлттық ерекшеліктеріне ерекше мән берген елдің іргесі берік, келешегі кемел. Ал өзінің тілі мен дінін, салт-дәстүрін ұмытып, оның орнына өзгенікін сіңіріп алған жұрттың болашағы жоқ. Ислам діні де мұны құптамайды. Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мұсылмандардың өзге халықтардың теріс әдет-ғұрыптарына еруіне тыйым салған» дей келе, ел ағаларын жастар арасында дәстүрді көбірек дәріптеуге шақырды.

Мінберде сөз сөйлеген зиялы қауым өкілдері жұртшылықты елдің болашағын жарқын ету жолында бірлесе қызмет етуге үндеді. Одан ары Алматы облысының әкімі Марат Елеусізұлы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, ҚМДБ Ақсақалдар кеңесінің мүшелері 3000 адамға арналған жаңа мешіттің жобасымен танысты. Жазушы, ҚМДБ Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Смағұл Елубай жамағат игілігі үшін салынатын мешіт құрылысының жоспарланған уақытта бітуін, Қонаев қаласының рухани тұрғыдан және жан-жақты дамуын Құдайдан тілеп, батасын берді.

Сондай-ақ ҚМДБ Төрағасы Қонаев қаласында «Жүрек жылуы» қайырымдылық іс-шарасына қатысып, көпбалалы, жалғызбасты Бибіназ Шамұратоваға пәтер кілтін табыстады. «Зекет және қайырымдылық» қорының ұйытқы болуымен, демеушілердің көмегімен алынған үйдің кілтін табыстау салтанатында Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы: «Біз «Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің» деген аталы сөзді өмірлік ұстанымға айналдырған халықпыз. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы күнделікті жұмысында жеті бағытқа басымдық береді. Соның бірі – уақып және қайырымдылық бағыты. Біз қашан да өз мүмкіндіктеріміз аясында азаматтарымызға көмек беруге дайынбыз» деді. Қонаев қаласындағы орталық мешітте ұйымдастырылған «Жүрек жылуы» қайырымдылық іс-шарасында 200 мұқтаж, науқас жандарға әлеуметтік маңызы бар азық-түлік салынған қорапшалар берілді.

Наурызбай қажы Тағанұлы Алматы облысына барған сапарында өңір имамдарымен де кездесті. Басқосуда Бас мүфти: «Қонаев қаласынан Діни басқарманың өкілдігін аштық. Ендігі мақсат – бір үйдің баласындай бірлігімізді көрсетіп, ел игілігі үшін қызмет ету. Сіздерді сауапты да жауапты қызметте белсенді болуға шақырамын» деді. Басқосу соңында Бас мүфти еліміз бен жеріміздің игілігі мен берекесі үшін дұға жасады.

Бетті дайындаған Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ

ЖЕЛІДЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІК

немесе жабыла құттықтау жайында

Бір адамның бір адамды теріс әрекеті үшін сырттай айыптауға хақы жоқ шығар, бәлкім. Алайда қандай да бір үрдістің топтық сипат алуына қатысты сыни пікір айтудың еш әбестігі бола қоймас деп білеміз. Турасына көшер болсақ, мәселе Фейсбук әлеуметтік желідегі әңгіме ауаны, соның ішінде әлдебір лауазымға тағайындалған азаматты жабыла құттықтау жайында болмақ.

Бір қарағанда, бұл жүк етерлік тақырып секілді көрінбеуі мүмкін. Бірақ азаматты жаңа қызметімен құттықтау – әлі атқармаған ісі үшін асыра мақтау секілді көрініс береді. Әңгіменің ара-жігін ашып алайық, өмірінің жаңа белесіне көтерілген адамға ақ жол тілеу бір басқа, «осы қызметке сіз келмегенде дүниежиһанның бір бұрышы жермен-жексен болғалы тұр еді» деген сарында қолпаштау тіпті бөлек. Біздің сөз осы екінші нұсқа жайында.

Фейсбук әлеуметтік желі болғандықтан, ол платформа күнделікті әлеуметтік тақырыптарды сөз етісіп отырмаққа өте ыңғайлы. Түпкі мақсаты да сол ғой, күнделікті тұрмыс-тіршілік жайынан хабар берерлік пост, фото салуға бағытталған. Алайда бұл желі бізде әбден саясиланды. Тәуелсіздігіне енді ғана 30 жыл толған, саяси трансформацияларды енді-енді бастан кешіп отырған ел үшін мұндай тенденцияның орнауы түсінікті әлі кешірімді.

Сөйте-сөйте Фейсбукте адамды жаңа мандатымен құттықтау, жәй ғана құттықтау сипатынан арылып, оның жеке басын асыра мақтап, аспандатуға ұласа жөнелді. Министр не әкім болған азаматты кезінде соған жақын жүргендер де, қазір жақын жүргісі келетіндер де, табақтас, қызметтес болғандар да жаппай мадақтай жөнеледі. Әлгі азаматпен бірге түскен фотосын шарқ ұрып іздеп, архивінің бір түкпірінен тауып әкеледі, әйтеуір. Сурет қаншалықты ескі болған сайын, құттықтаушы адамның да абыройы соншалықты арта ма, сондай бір нышан тағы бар. Мен бұл кісімен атам заманнан таныспын деген месседж. Айтып айтпай не керек, сол күнгі лентаны жаңа тағайындалған азаматтың суреті басып-ақ кетеді. Аяқ алып жүргісіз.

Енді қарайық, қызметпен құттықтаған жөн-ақ. Бірақ шектен шыға қызыл сөз бәйгесіне түсу кімге опа бермек? Құттықтаушы үшін қыдыр болып қонуы бек ықтимал. Мыңның біріне ғана. Мәртебелі министр, не әкім өзін ай мен күнге теңеген азаматтың әрекетін ескермей қоюы мүмкін бе? Тым құрыса іші жылиды ғой. Сосын бір оңтайлы сәті келгенде өзінің де шарапатын тигізіп жібереді. Қаптаған қалың жұрт осындай бір лотореялық сәттіліктен де үміт ететін секілді. Секілді емес, солай. Әйтпесе жаппай жамырап не көріпті?!

Бірақ осыншама лепірме мақтау лауазымды қызметті иемденіп жатқан азаматтың өзіне опа таптырмай кетуі де әбден мүмкін. Ертеңгі күні ол парамен ұсталса, қызмет өкілеттігін асыра пайдаланса, әлдебір теріс қылығымен көзге түсіп қалса, қәсіби қабілеті тағайындалған қызмет деңгейіне сай болмай шықса, сөйтіп қызметімен қош айтысса ше?Сонда кеше опыр-топырымыз шығып мақтаудың астына алғанымыз өтірік болғаны ма? Соның бәрі Фейсбуктегі қалың ағайынның жалған қолпашы, жасырын әрекеті болып шыққаны ғой? Сонда қызметке тағайындалған адамға ең жаны ашитын адам пост жазбаған адам болып шықпай ма?

«Пәленше Пәленшеев қызметінен кетті. Ол осы қызметті істеген жылдары мынадай іргелі істер атқарды. Оның дәлелі мінеки...» деп тайға таңба басқандай жаза алсақ, әңгіме басқа. Ал әлі су жаңа кабинетін де жөндеп танып үлгермеген азаматты ақ киізге орап хан көтере жөнелу логикалық тұрғыдан да, этикалық тұрғыдан да көңілге қонбайды.

Әлеуметтанушы Айсұлу Молдабекованың айтуынша, соңғы бесалты жылда бізде әлеуметтік желінің қоғамдық-саяси өмірге әсері қатты байқалады.

«Дамушы және посткеңестік елдерде әлеуметтік желіні қолданушылар саны айтарлықтай аз және белгілі бір аудиториялармен шектелетіндіктен, бұл жерде саяси технологтар, PR мамандары желіні белсенді түрде қолданады. Мысалы, АҚШ-та, Германияда әлеуметтік желі қоғамдық-саяси маңыздан гөрі тауар өткізу, маркетинг немесе әлеуметтік мәнге ие. Ал бізде әлеуметтік желі саяси-технологиялық құрал ретінде, белгілі бір адамдардың имиджін жасау, түрлі идеология, саяси ұстаным қалыптастыру, әлеуметтік пікір туғызу үшін пайдаланылады. Біздің саяси-әлеуметтік өміріміздің онлайн көрінісі негізінен Фейсбук әлеуметтік желісі болғандықтан, ол жерде жария болатын қызметке тағайындаулар, белгілі бір жаңалықтар байқалмай қалмайды» дейді.

Әлеуметтану ғылымында өзгеге ұнау синдромы деген бар дейді сарапшы. «Мысалы, көп лайк жинауға

ұмтылу, сол арқылы имидж қалыптастырамын деп барын салу әлеуметтік ауытқуға жатады. Адамның шынайы өмірдегі бейнесі мен желідегі бейнесінің бір-бірінен алшақ екені анық ғой. Негізі әр адамның кімге қанша лайк басқанына, қандай пікір жазғанына қарап, посттарының мәнмаңызына үңіле отырып, оның әлеуметтік бейнесін жасап шығуға болады. Әрине лайк санының, пікірлер мен қуаттаулардың қоғамдық пікірге әсер етуі түбегейлі дұрыс емес. Әрі ол қызметке тағайындауға қатысты болса. Мұндай үрдістің қалыптасуы меритократияға қайшы келеді. Яғни ол адамның кәсіби дағдысын, білімі мен біліктілігін емес, әлеуметтік желідегі образын бағалаймыз» дейді әлеуметтанушы.

Сарапшының сөзінше, халықаралық ірі компанияларда HR мамандар LinkedIn сияқты әлеуметтік желімен жұмыс істеп, сол арқылы маман тауып, сол арқылы тағайындау жасайды. Себебі аталған желіде адамның кәсіби дағдысы, түйіндемесі, білімі мен біліктілігі нақты жария етіліп тұрады. Бізде сондай желінің кең таралмай отырғаны өкінішті дейді.

Психологтар мен зерттеушілер бірге түскен фотосын жүктеп, әлдебір азаматты жаңа лауазыммен құттықтаудың этикаға жат екенін, бұл құттықтаушы адамда аз да болса әлеуметтік ауытқудың бар екенін білдіретінін айтады. Шыны керек, көп адам таныс арқылы өзінің, не жақындарының, не компаниясының проблемасын шешіп алуды қолай көреді. Бұл – тәуелсіз Қазақстанда әбден қалыптасқан, қалыптасқаны былай тұрсын, асқынған дерт. Мұның дөрекі атауы – жағымпаздық. Жағымпаздықтың соңы жемқорлыққа ұрындырмасына да кепіл жоқ. Сондықтан әлеуметтік желідегі жаппай мақтап-мадақтаудың дертке дерт жамайтын нашар қасиет екенін мойындамасқа шарамыз жоқ. Рас, ішінде біренсаран шын жүрегімен сәттілік тілеп, сүйінші сұраушылар да бар шығар. Бірақ ондай адамдардың үлесі 1 пайызға да жетпейтінін сіз де, біз де іштей біліп отырмыз.

Абай ҚАЗБЕКҰЛЫ

ГИПЕРТҰТЫНУ ЗАРДАБЫ

(Басы 1-бетте)

Тұтыну – бұл күнделікті өмірдің қалыпты бөлігі, бірақ ол шамадан тыс және ысырапқа әкелсе, сол кезде проблемаға айналады. Алла Тағала тіршілікті барынша үйлесімді және толыққанды етіп жаратқаны соншалық, барлық ресурс әрбір тірі жанға тең бөлінген. Алайда кей ресурстар адамдардың араласуының себебінен біреулерге жетпей жатса, енді біреулерге шамадан тыс артығымен берілуде. Адамға бір нәрсе артық берілсе, көп жағдайда адам ол нәрсенің қадірін білмейді. БҰҰ сарапшыларының азық-түлік қалдығы туралы есебіне сәйкес, жылына әлемде өндірілетін тағамның үштен бірі қоқысқа тасталады. БҰҰ-ның азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы бұл проблема дамушы елдерге де, дамыған елдерге де бірдей тән деп мәлімдейді. Нәтижесінде жыл сайын жер ғаламшарында өндірілген 10 млрд тоннаға жуық азық-түлік қоқыс жәшігіне түседі екен. Ал дәл сол уақытта тағы да БҰҰ мәліметтері бойынша әлемде миллиардқа жуық адам аштықта өмір сүруде. Қанағатшылдық пен ұстамдылық – мұсылман өмірінің барлық саласында, соның ішінде тамақ тұтынуда көрінуі керек негізгі қасиеттер. Алла Тағала адамдарға өз нығметтерін шамадан тыс жұмсауға және ысырап етуге тыйым салды. Бұл адамның өзі үшін де, бүкіл ғаламшар үшін де зиян. Ысырап жайында Құран Кәрімде былай делінеді: **«Әй, адам балалары! Әрбір құлшылық орнында зейнеттеріңді алыңдар (киініңдер). Және жеңдер, ішіңдер де ысырап етпеңдер. Күдіксіз Алла ысырап етушілерді сүймейді»** («Ағраф» сүресі, 31-аят).

Адам өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін кез-келген жолды іздейді және сол жолда дүниесін да аямайды. Ол тіпті қандай нәрселерге шығындалып жатқанына да мән бермейді.Адамның осындай әлсіздігіне қарап, Алла Тағала ысырап етуге тыйым салды және ысырапшыларды қатаң айыптады. Ысырап ақшаға ғана байланысты емес, сонымен бірге кез-келген ресурсты шектен тыс пайдалануға да қатысты. Мысалы, дәрет алу кезінде су, тамақ, уақыт, денсаулық т.б. Сондықтан оларға ерекше үнемділік таныту керек, өйткені олар – әр адамның құнды капиталы мен байлығы.

Гипертұтынудың қысқаша тарихы. Тұтыну ұғымы өнеркәсіптік революциядан кейін пайда болды. Сол уақытта жаппай өндірілетін тауарлардың кең ассортименті барлығына қолжетімді болды. Бұл экономикалық өсудің артуына, жұмыс орындарының ұлғаюына және тұтынушылар үшін таңдаудың көбеюіне әкелді.

Тауарлардың жаппай өндірісі тез өсіп келе жатқандықтан, экономиканың өсуін қамтамасыз ету үшін тең сұраныс қажет болды. Басқаша айтқанда, өндірісті, жұмыс орнын және кірісті тұрақты ұстап тұру үшін адамдарға затты көбірек сатып алу қажет болды. Сондықтан қоғам адамдарды гипертұтынушыларға айналдырудың және қажет емес заттарды сатып алуға сендірудің жолын тапты деп түсіндіреді Ричард Роббинс өзінің «Жаһандық мәселелер және капитализм мәдениеті» кітабында.

Гипертұтынушыны келесі әдістер арқылы қалыптастырды:

- Қымбат әрі сәндегі заттар алғаш қажетті заттар ретінде сатылды;
- Жарнама тек көп тауар сатып алу арқылы қол жеткізуге болатын өмір салтын сатты;
- Сауда орталықтары мен дүкендер сатып алуды ынталандыру үшін құрылды;
- Кішігірім несиелер кеңінен қол жетімді болды;
- Өзіндік бағалау және қоғамдағы мәртебе тауарларды иеленумен тікелей байланысты болды;
- Қарызға батудан пайда болатын теріс эмоциялардың психика саулығына әсері ескерілмеді.

Өз нәпсімізді қанағаттандыру мақсатында зәулім үйлер, сәнді көліктер, көбірек киімдер, соңғы үлгідегі смартфондарды сатып аламыз. «Үлкен жеңілдік» жүріп жатқандықтан, қажет емес заттарды сатып алуға асығамыз. Бұл нәрсе ешқашан тоқтамайды, өйткені әрқашан сатып алу керек бір зат табылады.

Біздің табиғатымыздағы шамадан тыс тұтынуға бейімділіктің не екенін және оның бізге қалай әсер ететінін түсінуге тырысайық. Мұны түсінген кезде ғана біз одан құтылып, толыққанды және қаржылық тұрғыдан тұрақты өмір сүре аламыз. Гипертұтыну сізге қалай әсер ететінін түсіну — саналы тұтынушы болудың алғашқы қадамы.

Неліктен біз сатып алуға тәуелдіміз?

1) Үлкен проблемаларды (уақытша) ұмыту үшін. Кейбір адамдар сатып алуды проблемалардан басқа нәрсеге назар аудару әдісі ретінде пайдаланады. Шопоголиктердің (сатып алуға тәуелді адам) айтуынша, заттарды сатып алудан алатын әсер – депрессия мен мазасыздықты уақытша жеңілдетудің бір түрі. Депрессиямен ауыратын науқастарды зерттеудің нәтижесі пациенттердің 32%-ында ысырапқа жол беру басым екенін көрсетті («Study of compulsive buying in depressed patients», M Lejoyeux, V Tassain, J Solomon, J Adè s).

Анда-санда көңіл көтеру үшін бірдеңе сатып алу қалыпты жағдай. Бірақ егер сіз оны үнемі және проблемалардан қашу үшін жасайтын болсаңыз, онда ол ысырапқа айналады. Сондықтан пандемия кезінде маңызды емес тауарларға жұмсалатын шығындардың күрт өскенін байқауға болады. «Неліктен бұлай болды?» деген сұраққа көптеген адамдар зерігу, стресс, депрессия немесе күнін қуанышқа толтыру үшін деп жауап береді.

2) Өзгелерден қалмау үшін. Адамдарда өз өмірін басқалардың өмірімен салыстыру әдеті бар. Бір зат көршінің затымен бірдей немесе одан жақсырақ болмаса, онда ол заттың қажеті шамалы. BBC-дің «Spend Spend Spend» деп аталатын деректі фильмінде профессор Эндрю Освальд мүліктің көптігі бақытты өмірге әкелмейтінін түсіндіреді. Адамның байлығы артқан сайын, өзін басқалармен салыстыруға деген бейімділігі де артады. Бұл ешқашан бітпейтін жарыс, өйткені сізде қанша бар екендігі маңызды емес, әрқашан біреуде көбірек болады. Ең қызығы, зерттеу нәтижесі бойынша экспериментке қатысқан адамдардың жартысынан көбі өзгелердің өмірінің нашарлауына әкелетін болса, кейбір нәрселерден бас тартуға дайын деген қорытындыға келді.

3) Жеке бас құндылығы сезімі. Біз көбіне өзімізге киген киіміз, жеген тамағымыз, бағалы заттарымыз арқылы баға беруге тырысамыз. Бұл бізде заттарға деген құштарлықтың қалыптасуына және өзіндік бағалау сезімін көтеру үшін оларға тәуелді болуға мәжбүр етеді. Әртүрлі брендтер бізге кім болу, не киіп, не жеуіміз керектігін көрсетіп, соны сатуға барын салады. Кейбір уақытта тұзағына түсіп, елден қалмауға тырысамыз. Олар бізге өмір сүру салтын сатады және оған қол жеткізе отырып, біз өзімізді толыққанды сезінеміз деп уәде береді. Бірақ сатып алу арқылы біз ешқашан толыққанды өмір сүре алмаймыз.

Жарнаманы, маркетингті және әлеуметтік медианы пайдалану. Жарнама және әлеуметтік желілер гипертұтынуды жаңа деңгейге көтерді. Біз өзімізді ақылды және білімді санасақ та, бірақ екі нәрсені назардан тыс қалдырып жатамыз:

1. Өзіміз ойлағаннан гөрі жарнаманың әсеріне тез түсеміз. Орташа алғанда әр тұтынушы күніне 500 жарнама көреді, олардың кейбірі – таргетті онлайн жарнама. Олар бізге әсер етпейді деп ойласақ та, жарнама түпсанамызға әсер етеді. Когнитивші ғалым Марк Чангизи біздің қандай да бір брендке немесе өнімге деген қатынасымыз оны жиі көрген сайын күшейе түседі деп түсіндіреді.

2. Олар әрқашан бір қадам алда. Біз тұтынушы ретінде дамыған сайын жарнама да бізден қалмау үшін бірге дамып отырады. Сондықтан дәстүрлі БАҚ-қа қарағанда өнімдер әлеуметтік медиа қосымшалары арқылы көбірек жарнамаланып жатқанын көруге болады. Әсіресе Тиктоктың әдісі өзгеше. Онда ешқандай «сатусыз» қарапайым адамдардың түсірген қысқаша бейнероликтері бар. Былай қарағанда күлкілі бейнероликтер, бірақ астарында жарнама жатады. Қарапайым мысал – түрлі-түсті попит ойыншығы. Басында ешкім мән бермеген, ал қазір әр баланың қолында бар. Мұның бәрі – Тикток жарнамасының нәтижесі. Бұрындары жарнама жасауда Инстаграм алда болса, қазір Тикток жайлап нарықты жаулауда.

Әлеуметтік желінің бір айласы – сізге мүлдем қажеті жоқ нәрсені өте маңызды қылып көрсетуі. Онсыз өмір сүре алмайтындай етіп жарнамалағаны сонша, келесі күні қалай сатып алғаныңызды байқамай қаласыз. Бұл – гипертұтынуға алып келетін қауіпті жолдар. Мүмкіндігінше жарнамалардан аулақ болып, кез келген затты сатып алмас бұрын он ойланып, жүз толғанған абзал.

Әділет КӨПЕН,
ҚМДБ Жастар секторының меңгерушісі

(Жалғасы келесі санда)

ПАЙҒАМБАРДЫ ТҮСІНДЕ КӨРГЕН ЖІГІТТІҢ ОҚИҒАСЫ

Бұл оқиға маған ерекше әсер етті. Естігенде көзіме жас алдым. Пайғамбарды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) түсінде көрген жігіттің оқиғасы туралы жолдасыма баяндап бергенімде ол да көз жасына ерік берді.

Қоңырқай тіршілік кешіп жүрген бір танысым бар. Анасының қайтыс болғанына бірнеше жыл болды. Жас болса да екі қарындасы, әкесі мен ағасы соның қамқорлығында. Өзі де, ағасы да үйленген. Бала-шағасы бар. Сол жігітке, оның отбасына қолдан келгенше көмектесіп тұрамын. Бұл маған ерекше күш береді...

Өмірде жақсы адамдар көп қой. Олардың бір қажетіне жараған сайын өзінді бақытты сезінесің. Әлгі жігіт – сондай жанның бірі. Менімен ашық сөйлеседі. Сырын жасырмайды. Жуырда басынан өткен бір оқиғаны айтып берді...

Айлығы шайлығына жетпейтін ол мұңын шақса, бір Аллаға білдіреді. Қанша қиналса да алақан жайып, ақша сұрамайды. Намысты жігіт. Бір күні қаражаттан әбден қиналып кетсе керек. Қажетін адамнан емес Алладан сұрап, Оған үздіксіз мадақ айтып, Пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айтыпты.

Әсерлі оқиғаны сол кісінің сөзімен баяндайын: «Аға, менің тұрмыстық жағдайымды сіз жақсы білесіз ғой. Сізден ештеңе жасырған емеспін. Бір күні қаражаттан қатты қысылып кеттім. Бірнеше кісіден қарыз алғаным бар. Ол да үлкен уайым болып жүрген. Қарыз бен уайымнан құтылу үшін оқылатын арнайы дұға бар. Ұстазым үйреткен дұғаны түнде жатар алдында бірнеше рет оқыдым. Кемі мың рет Аллаға мадақ, Пайғамбарға салауат айттым. Кешірім дұғасы мен салауатты тоқтаусыз айта бердім, айта бердім. Бір кезде әбден шаршап, қалай ұйықтап кеткенімді білмей қалыппын...

Түсімде ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедті (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көрдім. Жүзін көрсетпестен: «Маған жолдаған сәлеміңді қабыл алдым. Уайымдама! Алла қаласа, бәрі жақсы болады. Ертең қуанышты хабар жетеді» деп, аяндап кері кете бастады. Мен оның нұрлы дидарын көргім келіп, соңынан қалмай жүгіріп келем. Енді оң жағына жақындай бергенде ол ақырын ғана байсалды қимылмен солға қарай бұрылып, жүзін жасырды. Мен сол жағына қарай ынғайланып, жүзін көруге талпынып едім, ол оң жаққа қарай ақырын бұрылып, тағы да жүзін көрсетпеді. Сосын көп ұзамай көзден ғайып болды...

Оның нұрлы жүзін көруге қатты талпынғанмен, бұл әрекетімнен нәтиже шықпады. Екі дүние сәруары Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мүбәрак жүзін көру нығметінен әп-сәтте мақұрым қалып, өңменімді өксік кернеп, жылай беріппін, жылай беріппін. Таң намазына тақау уақытта шошып ояндым. Көзден шыққан жас бет-жүзімді жуыпты. Үсті-басым су. Әбден терлеппін. Ұйқым шәйдай ашылып, аяқ-қолым дірілдеп, біраз уақытқа дейін өзіме келе алмадым. Таң намазынан кейін әдеттегі шаруама кірістім. Бір қуанышты хабарды іштей күтіп, үміттеніп жүрдім...

Түске таяу біз тұрып жатқан пәтер иесі хабарласып, жұмыс кеңсесіне келуімді өтінді. Жалдап тұратын үйдің қожайыны кәсіпкер. Мүмкін осы кісі бір қуанышты жаңалық айтып қалар деген ниетпен құстай ұштым. «Бауырым, сенің отбасылық жағдайыңды жақсы білемін. Бір өзің үлкен шаңырақты алға сүйреп келесің. Кейде пәтер ақысын уақытылы төлей алмай қаласың. Бәрін түсінемін. Осы жылғы табысымның зекетін саған, сенің үлкен отбасыңа берсем деген ойға келдім. Егер қарсы болмасаң, осы қаражатты сен алсаң. Игілігіңе қолданарсың» деді. Мен не дерімді білмей, «Алла разы болсын, аға! Алла разы болсын, аға!» дей беріппін. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Ертең қуанышты хабар жетеді», – деген сөзі тағы есіме түсіп, көзімнен жас ыршып түсті. Бұл қуанышты хабардың басы екенін қайдан білейін...

Бір кезде әлгі үй иесі: «Үй сатып алуға қаражатың бар ма? Егер жинаған ақшаң болса, сен тұрып жатқан үйді өзіңе сатсам» деген ниетім бар еді. Оған қалай қарайсың? Қанша қаражатың бар?» десе бола ма? Бірнеше жылдан бері пәтерден пәтер жағалап, үйсіз жүрген мен үшін бұл ұсыныс төбемнен суық су құйып жібергендей әсер етті. Не айтарымды білмей, тосылып қалдым. «Аға, менің қолымда сіздің берген мына зекетіңізден басқа ештеңе жоқ» дедім. Шынында, әңгіменің тоқетері осы еді. «Алғашқы жарна ретінде аз-маз болса да қаражат бере алмайсың ба?» деп, мені тағы тығырыққа тіреді. «Аға, менің бір басымда қаншама қарыз бар. Оны несіне жасырайын. Егер маған үйіңізді сатуды ниет еткен болсаңыз, мына зекет ақшасын ғана бере аламын» деп, өзімше «талап» қойдым. Ол кісі «мен ойланайын, жауабын ертең айтамын» деді. Сөйтіп үнсіз шығарып салды...

Осы қуанышты жайтты әкеме, ағама, жеңгеме, қарындастарыма жеткіздім. Бәріміз дұға жасауға келістік. Егер сол үй біздің құлшылығымыз бен тіршілігіміз үшін қайырлы болса Алладан оның нәсіп болуын тіледік. Шынында, бізге ненің қайырлы екені бір Құдайға аян ғой. Бір-бірімізбен сөйлесуді доғарып, тек дұға жасап, кешірім тілеп, Пайғамбарға салауат айттық. Ертесіне таңертең үй иесі хабарласып: «Мен сенің жағдайыңа қарамастан үйді ешқандай жарнасыз өзіңе сатуға шешім қабылдадым. Қазір нотариусқа барып, келісім-шарт жасайық. Үйдің ақшасын ай-сайын қанша мөлшерде бөліп төлеймін десең де мен оған разымын. Ең бастысы ниетімді Алла қабыл етсе болғаны» деді. Сонымен менің «талабым» бойынша айына қыс мезгілінде 200 мың, жаз кезінде 300 мың теңге жіберіп тұруға заңды түрде келістік. Бұл қуанышты хабарды естіген үй-іші мәре-сәре күйге енді. Бәріміз қуаныштан көзімізге жас алдық...

Сөйтіп нотариусқа барып, үйді сатып алу құжатын рәсімдедік. Маған берген зекетті өзіне қайтардым. Зекет есебінен үйдің жалпы сомасының біраз бөлігі азайды. Бұл – менің өмірімдегі ұмытылмас күннің бірі еді... Аллаға сансыз шүкірлер мен Оның елшісіне салауаттар болсын!

Қазір Құдайдың нәсіп еткен осы үлкен үйде тіршілік етіп жатырмыз, аға. Бізге бұл жер үй өте қолайлы. Өйткені үлкен үй екі отбасыға арналып салынған. Екі жанұяға екі бөлек есіктен кіресіз. Құдды Хақ Тағала бұл үйді о баста біздің әулетіміз үшін тұрғызған секілді. Аллаға шүкір, Аллаға шүкір...»

Біздің әңгімеміз осы жерден кілт үзілді. Өйткені бәрі түсінікті еді. Осы сәтте Осман империясын бірнеше жыл басқарған Абдулхамид ханның оқиғасы есіме түсті. Күн сайын ұйықтар алдында ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айтатын сұлтан түннің бір уағына дейін мемлекет ісімен айналысып, әбден шаршап, салауат айтуды ұмытып, жұмыс үстелінде көзі ілініп кетеді. Көп ұзамай, бір кәсіпкер Абдулхамид ханға келіп: «Сіз маған қарызсыз. Соны алуға келдім», – дейді. Мұны түсінбеген сұлтан себебін сұрағанда: «Мырзам, мен саудамен айналыстым. Ісім алға баспай, шаш-етектен шығынға баттым. Әр күні жатар алдында Аллаға дұға етемін. Кеше түнде түсімде Пайғамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көрдім. Ол маған: «Біздің Хамид кеше Алланы еске алуды, маған салауат айтуды ұмытты. Оған бар да өзіңе қажет қаражатты ал», – деді. Сол үшін сіздің алдыңызға келіп тұрмын», – деген жауап алады.

> *Оның нұрлы жүзін көруге қатты талпынғанмен, бұл әрекетімнен нәтиже шықпады. Екі дүние сәруары Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мүбәрак жүзін көру нығметінен әп-сәтте мақұрым қалып, өңменімді өксік кернеп, жылай беріппін, жылай беріппін.*

Абдулхамид «қарызын» сұрап келген әлгі кәсіпкерге Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «біздің Хамид» деген сөзін төрт рет айтқызып, төрт қалта алтын беріп жібереді. Егер сұлтанның көмекшісі саудагерге «саған осы жеткілікті емес пе?» деп тоқтатпағанда Абдулхамид Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «біздің Хамид» деген сөзін тоқтаусыз тыңдап, бүкіл байлығын беріп жіберер ме еді...

Ханның көмекшісі: «Әміршім, ол сіздің бар байлығыңызды алып қоя жаздады ғой» дегенде, Абдулхамид былай жауап береді: «Ант етейін! Егер ол менен сұрағанда бүкіл байлығымды білігіммен қоса берер едім. Кеше түнде үстелімде отырып ұйықтап қалыппын. Салауат айтуды ұмытып кетіппін. Қателік жасадым. Алла бізді кешірсін».

Бір күні Хақ елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жүзінен қуаныш байқалады. Сол кезде сахабалары: «Уа, Алланың елшісі! Жүзіңізден қуаныш байқап тұрмыз» дейді. Сонда ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Маған періште келіп: «Уа, Мұхаммед! Раббың: «Үмбетіңнен саған біреу бір мәрте салауат айтса, Мен оған он салауат айтамын. Үмбетіңнен саған біреу бір мәрте сәлем жолдаса, Мен оған он сәлем жолдаймын. Осыған разы боласың ба?» деді». Мен: «Әрине, разы боламын» деп жауап бердім»*** деген.

Тағы бір хадистердің бірінде: ***«Кім маған бір салауат айтса, оған Алла он салауат айтады және оның он қателігін кешіреді әрі оның дәрежесін он есеге көтереді»*** делінген. Алла Тағала баршамыздың екі дүниеде мерейімізді үстем етіп, дәрежемізді арттырғай. Әмин!



«ӘЙ, ӘЛ-ХАРАМНЫҢ ИМАМЫ БОЛҒЫР...»

Қажылыққа барған сапарымда жол бастаушы жігіт қасиетті Қағба орналасқан әл-Харам мешітінің имамы Абдул Рахман әл-Судейс туралы қызықты оқиғаны әңгімелеп берді...

Әлемдегі бірінші мешіттің болашақ имамы бала кезінде үлкендердің тілін оңайлықпен ала бермейтін, өз қатарластарын жиі мазалап, оларға үнемі күшін көрсетіп жүретін мінезді жігіт болса керек. Оның мұндай қылығына ашуланған анасы ұрысқан сайын: «Әй, әл-Харамның имамы болғыр!» – деп жөнге салып отырады екен. Анасы «тентегін» тезге салған сайын осы сөзді қолданыпты.

«Құрметті қажылар! Біздің аузымыздан шыққан әрбір сөзге періштелер «әмин, әмин» деп отырады. Сондықтан Абдул Рахман әл-Судейске қатысты оқиға әрқайсымызға сабақ болу керек. Оның анасы баласына қатты ашуланып тұрса да жақсы мағынада ұрысқан. Айтқаны айдай келіп, Абдул Рахман әл-Судейс қазір әл-Харам мешітінің имамы, әлемге танымал қари болды» деді жол бастаушы жігіт. Бұл туралы оқиғаны кейін ақпарат құралдарынан оқып, үлкен ғибрат алдым.

Бала кезімде бір нәрсені бүлдіріп қойсақ әжеміз бізге: «Ей, тұқымың көбейгір, әрі кет» деп ашуланып, ұрысатын. «Тұқымың көбейгір!» деген сөзді түсінбей, мағынасын ата-анамыздан сұраймыз. «Тұқымың көбейгір!» дегені «ұрпағың көбейсін, көп бала-шағалы бол» деп ұрсып дұға жасағаны екен. Алла әжеміздің аузына салған болар, қазір үлкен әулеттің біріне айналдық. Аллаға шүкір!

Бір көзі көрмейтін елімізге белгілі әншінің тағдыры туралы жазғам. Туғаннан бір көзі көрмейтін әнші былай деген еді: «Анам төрт құрсақ көтерген. Төртеуі де қыз. Әкем дастарқан басында Құдайдан бір көзі соқыр болса да бір ұл тілепті. Міне, тілегі қабыл болып, мен бір көзім соқыр болып тудым. Бауырларым, менің өмірім бәріңізге сабақ болу керек. Дұрыс сөйлеуіміз қажет. Әр сөзімізді Құдай қабыл етіп қалуы мүмкін».

Иә, ауыздан шыққан әрбір сөз – дұға. Осындайда халқымыздың «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады» деген нақылы еріксіз ойға оралады. Бір ізгі ғұлама «Менің тілім жыртқыш аң секілді. Егер бетімен жіберсем, өзімді жейді» деген екен. «Айтылғанға дейін сөздің иесі сен боласың, айтқан соң сөз сенің иең болады» деген Хазіреті Әлидің (оған Алла разы болсын) тағылымды ойында үлкен мән жатыр...

Кейде үлкен кісілердің баласына «Әй, сен адам болмайсың» деп жекіп жатқанын көргенде жүрегім ауырады. Оның орнына «әй, ғалым болғыр» деп жөнге салуды әдетке айналдырған абзал. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Жақсы сөйле немесе үндеме»*** дейді. Иә, жақсы сөйлейік немесе үндемейік.

ҚАБЫЛ БОЛҒАН ДҰҒА

Бұл оқиға Ақмола өңірінде болған екен. Ізгі іске ықыласты жігіттің қабыл болған дұғасы жайлы имам әңгімелеп берген еді.

Жақсылыққа жаны құмар әлгі азаматтың жақын досы ауруханаға түсіп қалады. Науқас адамның көңілін сұрау үлкен сауапты іс екенін жақсы білетін ол еш ойланбастан емханаға досын іздеп келеді. Аз-кем әңгімелескен соң науқас адам досынан ертең электр шәйнек әкеп беруін өтінеді. Жан баласына жоқ дей алмайтын жігіт бірден уәде береді. Бірақ...

Бірақ оның электр шәйнек алатын қаражаты болмайды. Біреуден ақша алуға ары жібермейді. Қарыз сұрауға тағы қысылады. Енді не істеу керек? Имам әңгімесін былай жалғады: «Қасиетті Рамазан айы болатын. Біз күн сайын ауызашар дастарқанында жамағат арасында сұрақ-жауап ойынын өткіземіз. Сұраққа дұрыс жауап берген жандарға бағалы сыйлық беріп, жігерлендіріп отыратынбыз. Бір кезде әріптесім ауызашарға жиналған жамағатқа қиын сұрақ қойды. Айнала тым-тырыс боп қалды. Ешкім жауап бермей, үнсіз отыр. Бір кезде жас жігіт қолын көтеріп, сұраққа жауап беруге рұқсат сұрады. Байсалды, сабырлы үнмен сұраққа дәл жауап берді. Біз оған дұрыс жауап бергені үшін электр шәйнегін сыйға тарттық. Сол сәтте көңілі босап, жылап жіберді. Бәріміз түсінбей қалдық. Себебін сұрағанымызда: «Аға-бауырлар, емханада емделіп жатқан досыма ертең электр шәйнегін апарып берем деп уәде еткен едім. Осы мешітте Алладан электр шәйнегін сұрап, көп дұға жасадым. Құдай тілегімді қабыл етті. Алланың аса мейірімді екеніне тағы да көз жеткізіп отырмын. Сол үшін көңілім босап кетті» деді.

Мен сізге тағы бір ғибратты жайтты айтып берейін. Осы сайыста жеңімпаздарға арналған бірнеше сыйлықтар болды. Бірақ электр шәйнегі біреу ғана еді. Сұраққа ешкімнің жауап бере алмай тосылып қалғаны, әлгі жігіттің дәл жауап беріп, сол шәйнекті ұтып алғаны, бәрі-бәрі тегін емес. Бәрі Алланың қалауымен болады ғой. Ғибрат алатын оқиға». Имам әңгімесін осылай түйіндеді.

Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: ***«Уәдесі жоқтың діні жоқ»*** деген екен. Уәдесін орындауға тырысып, амал еткен адамды Алла Тағала тығырықтан шығарады. Жоғарыда баяндалған оқиғадан көп сабақ алдым.

Уәдені орындамау – ер азаматқа сын. Бір ғұламаның: «Уәдені бұзу – ер азаматтық сипатты опат қылады» деген сөзі көп нәрсенің мәнін ұқтырғандай...

Бетті дайындаған
Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ

ӘДІЛДІК – ӘЛЕМНІҢ ҚАЗЫҒЫ

ЕҢ ҮЛКЕН АҚИҚАТ - АЛЛА ТАҒАЛАНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖӘНЕ БІРЛІГІ. БҰЛ ӘЛЕМ ҰЛЫ ЖАРАТУШЫНЫҢ ТЕҢДЕССІЗ ТУЫНДЫСЫ БОЛҒАНДЫҚТАН, ОНДА ҮЙЛЕСІМ МЕН ТӘРТІП БАР. СОЛ ҮЙЛЕСІМ МЕН ЗАҢДЫЛЫҚҚА СӘЙКЕС ӨМІР СҮРУДІ «ДІН ҰСТАНУ» ДЕСЕ, АЛЛА ТАҒАЛА БЕКІТІП БЕРГЕН СОЛ ҮЙЛЕСІМ МЕН ЗАҢДЫЛЫҚТЫ САҚТАУДЫ «ӘДІЛДІК» ДЕП АТАЙДЫ.

Әділдік – араб тіліндегі «адл» түбірінен туындаған сөз. «Зұлымдық жасамау, иесіне тиесілі ақысын беру, әркімнің өмірдегі өз орнын білуі, қателіктерді түсіндіріп тәрбиелеу, ақиқатқа қол жеткізу» деген мағынаны білдіреді. Сондай-ақ «тазарту, түзету, теңестіру, өлшейтін таразы» деген мағыналарды да қамтиды. Сондықтан «әділдік» ұғымы – заң немесе әлеуметтік өмір саласындағы әділдікті ғана емес, сенімнен бастап адами қарым-қатынас пен тәрбиелік мәселелерді, айтылған сөздер мен санадағы ой-пікірлерді де толығымен қамтиды. Шынайы мұсылманның қадір-қасиеті де әділдікке сәйкес өмір сүре алғанымен өлшенеді. Құдси-хадисте былай делінеді: ***«Алла Тағала айтады: «Ей, құлдарым! Мен Өзіме зұлымдық жасауды харам еттім, сендерге де зұлымдық жасауды харам еттім. Бір-біріңе зұлымдық жасамаңдар!..»*** (Мүслим жеткізген).

Иә, әділдік – Өзі Әділ Алла Тағаланың Құран арқылы бекіткен айнымас заңы әрі Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сара сүннеті. Хақ дін Ислам тек жақсылыққа, көркем мінез-құлыққа шақырып, барлық жамандық атаулыдан аулақ болуға үндейді. Әрдайым ізгі істерді орындауға бұйырып, жамандық атаулыдан қайтарып отырады. Құран Кәрімдегі мына аятты ғалымдардың көпшілігі бізге бұйырылған үкімдердің түйіні ретінде бағалайды: **«Негізінде Алла әділетті, игілікті және ағайын-туысқа қарайласуды бұйырады. Сондай-ақ арсыздықтан, дұшпандықтан әрі дөрекіліктен тыяды. Ол сендерге насихат етті: мүмкін түсінерсіндер»** («Нахл» сүресі, 90-аят).

Адам баласыжақсылыққа бейім жаратылған. Сондықтан әділдік, әділет сезімі де – адам баласының табиғатына тән қасиет. Байқасаңыз, кез-келген адам, мейлі ол тіпті дінсіз болса да, әділетсіздікке ұшыраған кезде өзін өте жайсыз сезінеді: қатты ренжіп, әділдік іздей бастайды. «Әділдік қайда?» деп шыр-пыр болып, оны өзінше орнатуға тырысады. Кейбір кісілер «әділдік орнатам» деп жүріп, өздері зұлымдық жасай бастағанын байқамай да қалады. Себебі әркімнің таразысы – әртүрлі. Ал шынайы, күмәнсіз әділдіктің иман-таразысы – Құран мен сүннетте. Сондықтан әділетті аңсаған пенде, әділетті болғысы келген адам – хақ дін Исламды ұстануы керек, аса Әділ Алла Тағаланың дінімен өмір сүруі керек.Мына аяттан артық әділдік қағидасын қалай сипаттауға, жеткізуге болады: **«Ей, иман келтіргендер! Әділдікте мықты тұрып, егер өздеріңнің, әке-шешелеріңнің және жақындарыңның зиянына болса да, бай немесе кедей болса да, Алла үшін айғақ болыңдар. Өйткені Алла – екеуіне де тым жақын. Ендеше әділдік істеуде нәпсіге ермеңдер! Егер тілдеріңді бұрып, шындықты бұрмаласаңдар, күмәнсіз, Алла – не істегендеріңді толық Білуші!»** («Ниса» сүресі, 135-аят).

Табиғатымызға тән болғандықтан, негізі әділ болу – аса қиын шаруа емес. Алайда азғырушы шайтан мен айуаны нәпсіміздің әсері іске қосылған кезде, пайда мен мақтан, атақ пен билік секілді пенделік қалаулар қол бұлғаған кездері, әділдіктен таймау – оңай шаруа емес. Әсіресе ашу қысқан кезде, кісі өлімі орын алған жағдайда әділдіктен айнымау – шынайы әділдік болмақ. Шариғат өш қайтаруды жоққа шығармайды, бірақ шектен шығып, зұлымдыққа барудан қайтарады. Алайда осындай есе қайтаруға байланысты үкімдердің өзінде Алла Тағала кешірім мен сабырдың анағұрлым артық екенін ескертіп отырады: **«Егер дұшпанға жаза берсеңдер, өздеріңе істелген тәрізді ғана істеңдер. Егер сабыр қылсаңдар, әрине ол сабырлылар үшін қайырлы болады»** («Нахл» сүресі, 126-аят).

Қиянат жасамау, қолдан келгенше жақсылық жасау – адамдарға және бүкіл жаратылысқа қатысты әділдігіміз болса, Алла Тағаланың әлемдерге рахмет ретінде жіберген елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өнегесіне сай ғұмыр кешу – Пайғамбарымызға қатысты әділдігіміз. Алайда әділ болудың көбіміз мән бермейтін тағы бір шарты бар және ол шартты орындағанда ғана біз мұсылман ретінде, адам ретінде әділдік құндылығының үддесінен шыға аламыз. Ол – бізді жоқтан бар еткен, сансыз нығметке бөлеген және мәңгілік жәннатты уәде еткен Мейірімді де Құдіретті, аса Дана, өте Әділ Иемізге деген әділдік.

Құран Кәрімде айтылғанындай, Ұлы Жаратушыға серік қосу, яғни Алла Тағаланы «бар» дей отырып, Оның қасына басқа бір нәрсені ортақ етіп қосып, оларға да Алла Тағалаға табынғандай сыйыну, құлшылық жасау – ең үлкен әділетсіздік, ең үлкен зұлымдық.Құранда бұл жайында былай баяндалады: **«Сол уақытта Лұқман өз ұлына үгіт бере отырып: «Әй, ұлым! Аллаға серік қоспа! Күдіксіз, ортақ қосу – зор зұлымдық!»** – деді» («Лұқман» сүресі, 13-аят).Өмірдің ақиқаты мен жаратылыс мақсатына қайшы келетін бұл адасудың зардабы туралы Алла Тағала былай дейді: **«...Кімде-кім Аллаға серік қосса, оған Алла Тағала жәннатты харам етеді. Оның орны – тозақ оты. Сондай-ақ залымдарға жәрдемші болмайды»** («Мәида» сүресі, 72-аят).

Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тікелей тәрбиесін алған досы, әділдігімен «Фаруһ», яғни «қара қылды қақ жарушы» деп аталған атақты сахаба хазіреті Омар (Алла оған разы болсын) бір күні көшеде қайыр сұрап тұрған бір яһуди шалды кездестіреді. Қариядан «Мұндай жағдайға қалай тап болдыңыз?» деп сұрағанда, ол: «Жас кезімде шамамның жеткенінше еңбек етіп, күнімді көрген едім. Қазір бала-шағам болмағандықтан әрі күш-қуатым қайтқандықтан, осындай күйге түстім», – деп жауап береді. Мұны естіген хазіреті Омар: «Жас кезінде қоғамға пайдасы тиген, мемлекетке салық төлеген адамды қартайған шағында қамқорлықсыз қалдыру – әділетсіздік», – деп сол күні жарлық шығарады. Жарлық бойынша мемлекет қазынасынан қария адамдарға зейнетақы беріле бастайды. Халиф Омардың кезінде бұдан бөлек жетімдер мен жас босанған аналарға да жәрдемақы беру жүйесі жұмыс істегені белгілі. Осылайша зейнетақы беру, жәрдемақы секілді әлеуметтік шаралар алғаш рет Ислам қоғамында жүзеге асып, әділетті іс дәстүрге айналады. Осы Омар: «Менің кемшілігімді айтқан адам – менің досым», – деген екен. Өйткені ол мына хадиске амал қылған ер еді: ***«Қиямет күні адамдардың Алла Тағалаға ең сүйікті болғаны және Аллаға ең жақын болғаны – әділ болған басшы»*** (Термизи жеткізген).

Толық әділдік – Алла Тағаланың сипаты. Құдіретті де Мейірімді Иеміз ешкімнің ақысын жемейді және ешкімге ешкімнің ақысын да жегізбейді. Әділетті Иеміз пенденің кеткен есесінің есебін осы дүниеде қайтарады немесе ақырет күні, судың да сұрауы болатын есеп күні толығымен алып береді. Шындығында жұмақ – Алла Тағаланың рақымының, ал тозақ– Алла Тағаланың әділетінің көрінісі...

Хақ дін Исламның қағидасы бойынша барлық адам бір-біріне бауыр, ағайын болып есептеледі. Адамдар нәсіл, ұлт, әлеуметтік мәртебе, шыққан тегіне байланысты бір-бірінен артық болып саналмайды. Артықшылық – иман мен амалда, рухани-адамгершілік қасиеттерде. Исламның негізгі мақсатының бірі – адамдар өзара сүйіспеншілікте өмір сүретіндей және әрбір адам бүкіл қоғамның бақыты мен ортақ мүддесі үшін әрекет ететіндей әділетті қоғам құру. Сол себепті құлшылықтың да, құндылықтың да шыңы – мейірім мен әділетті сақтауда. Бұл ақиқатты Абай хәкім былай түйіндепті: «Адамшылықтың алды – махаббат, әділет сезімі. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – Жаратқан тәңірінің ісі. Бұл әділет, махаббат сезімі кімде көп болса, сол – ғалым, сол – данышпан». Ұстазының сөзін Шәкәрім атамыз былай қостапты:

Әділет пен мейірім, ынсап,
Құлшылығым – Тәңіріме.
Қиянатқа жанды жұмсап,
Жанбан отқа шырқырап!

Әркім – өз әрекет-амалының тұтқыны. Қиянат жасамаған адам – әуелі өзіне әділдік қылған болады. Ал қиянат жасамау үшін сезімтал жүрекпен қатар терең білік пен сарабдал ақыл да керек. Ілім-білімнің қайнар көзі Құран мен сүннетте болса, жүректің тазалығы мен ақылдың айқындығы асыл дініміздің ақиқатын түсінгенде ғана, қағидаларын өмірімізге қазық еткенде ғана жүзеге асады. Алла Тағала баршамызға хақ діннің аясында өмір сүруді, мейірлі жүрек пен әділдікке толы ғұмырды нәсіп етсін!

Алғадай ӘБІЛҒАЗЫҰЛЫ

АДАМ МИЫНЫҢ АҚИҚАТЫ

Ми адамның тұлғасын қорғау үшін оны алдайды. Сондықтан оның өтірігіне алданып қалмау керек. Ол үшін Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ұстанған жолмен жүрсек жетіп жатыр. Адамның көпшілігі мақсатқа жету жолында қиындықтарға шыдамай, оңай беріледі. Алайда мәселе – сол сәттегі қиындықта емес, қиындықты мидың қалай қабылдайтынында. Ал мұсылман әрбір қиындықты Алладан келген сынақ деп қарастырады.

Сынақ дегеніміз не? Ол – Аллаға оралуға арналған құрал. Яғни қиындықтың өзін мақсатқа жету жолындағы көмекші құралға айналдыруға болады. Алла дүниедегі сынақ әлемі ретінде әр адамның алдына нәпсі бөгетін қойып, адамды нәпсіден туындайтын қиындықтарды жеңіп, абыройлы түрде өзіне оралуға міндетті еткен. Ол жайлы айтпас бұрын мидың қалай ойланатынына тоқталайық.

Адамның миын екіге бөліп қарастыруға болады: «өшетін ми» және «өсетін ми». Американдық психолог Кэрол Дуэк Стэнфорд университетінде қызмет етіп жүрген жылдары студенттердің ойлау дағдысына тәжірибе жүргізеді. Тәжірибе нәтижесі бойынша, студенттердің көпшілігі тұрақты ойлау дағдысына ие болса, бір бөлігінің ойлау дағдысында «өзгеріске» сенетіні анықталады. Анығырақ айтар болсақ, тұрақты ойлау дағдысына ие жандар белгілі бір жетістікке жету үшін тума талант болу керек деп ойласа, екінші бөлігі жетістікке ұмтылуда «1 пайыз талант, 99 пайыз еңбек» деген қағидаға сүйенеді (яғни біз мұның біріншісін «өшетін ми», екіншісін «өсетін ми» деп атауды жөн көрдік). Мидың мұндай түрлері отбасы тәрбиесі, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас арқылы қалыптасады. Мәселен, балаңыз қиын жұмбақтың шешімін тапса, сіз оған екі түрлі реакция білдіруіңіз мүмкін. Біріншісі – «Жарайсың, балам! Сен сондай ақылдысың, жұмбақ шешудің шеберісің!» немесе екіншісі – «Жарайсың, балам! Сен бұл жұмбақты шешуде жақсы жұмыс жасадың (көп күш жұмсадың)». Байқасаңыз, екеуінде де балаңызды мақтап, оған қолдау білдіргіңіз келді, айырмашылық жоқ секілді. Алайда бірінші нұсқада оның «ақылды» екенін растасаңыз, балада «өшетін ми» қалыптастырасыз. Біріншіден, ол сіздің мақтауыңызға қарай отырып, бір сәттік жеңіс сыйлаған «ақылдылықты» жоғары құндылық деп бағалайды. Екіншіден, өзінің «ақылды» екеніне сеніп, өзін басқалардан жоғары қоя бастайды. Нәтижесінде ары қарай дамуға ұмтылмайды және өзгелер жетістікке жеткенде көреалмаушылық сезімі туындайды. Түсінгеніміздей, бала қандай да бір жетістікке жеткенде оның тұлғасын емес, іс-әрекетін мақтап, еңбек етуге бағыттау қажет. Себебі екінші нұсқадағыдай баланың жұмысын бағаласаңыз, оған «еңбектің» жоғары құндылық екенін дәлелдейсіз. Нәтижесінде ол үнемі еңбек етуге баса мән береді және өзін басқалардан жоғары санап, дандайсымайды. Жеміс өсімдігін суарғанда топырақты тесіп, тамырына зақым келтірмеу үшін мұқият болатыныңыз секілді, баламен мәміле жасағанда да сондай ықтият таныту маңызды.

«Өшетін ми» қателесуден қорқады. Сәтсіздікке тап болса қорланып, менің «ақылдылығыма» нұқсан келеді деп ойлайды. «Өшетін ми» өзінің ақылдылығын, дарындылығын растап отыруды қалайды. Басқа адамдар растамаған оны өзін ақтап, кінәні басқадан іздей бастайды. Мәселен, ҰБТ-дан төмен нәтиже алып қалған оқушы өзінің ауылда тұратынын, басқа оқушыларға қарағанда дайындалуға мүмкіндігі аз болғанын, егер қалада оқығанда жақсы нәтиже көрсететінін айтып ақталады немесе тест нәтижелерін шығаруда әділетсіздік орын алған деп мойындамайды. Тіпті болмаса өзінен төмен нәтиже алған оқушылармен салыстыра отырып, өзін жұбатады, ақылдылығын растайды. Ал «өсетін ми» қателесу арқылы үйренеді. Сәтсіздіктер туындаса, кінәні өзінен көріп, кемшілігін дұрыстауға тырысады. ҰБТ-дан төмен нәтиже алса, өзінің дұрыс дайындалмағанына өкініп, келесі жолы мұндай қателікті қайталамауға тырысады.

Байқағанымыздай, «өсетін мидың» бір артықшылығы – қателік пен кемшілікті мойындай білуінде. Өз қателігі мен кемшілігін мойындай білу, тек сабақ болып қана қоймайды, сол сәттегі мәселені шешуге де жол көрсетуі мүмкін. Мысалы, Ахмет ағылшын тілін үйрену үшін топтық курсқа жазылды делік. Бірақ курс сабақтары ол үшін ауырға соғып, курсты тастауға тура келеді. Ахмет курстан бас тартатынын қалай жеткізеді? Ол өз деңгейінің топтастарының деңгейіне сай емес екенін айтып, өз кемшілігін мойындайды немесе өзін ақтап, кемшілікті мұғалімдерінен іздейді. Бірінші жағдайда курс иелері мәселені шешіп, сабақты басқа тәсілмен өтуді ұсынуы мүмкін. Ал екінші жағдайда «өшетін ми» өтірігінің әсерінен мәселені шешудің ешқандай жолы қалмайды.

Көріп отырғанымыздай, адам бойындағы жағымсыз қасиеттер, тәкаппарлық, көреалмаушылық, конфликт жасаудың барлығы мидың өтірігіне алданып қалудан туындайды екен. Мүмкін сіз бала кезде алған тәрбиеңізге байланысты «өшетін мидың» «құрбаны» болып жүрген шығарсыз. Алайда ұмытпаңыз: сіз қазір саналы тұлғасыз, сіз қазір таңдау жасай аласыз!

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) басына төнген қиындық үшін басқа біреуді кінәлауды құптамаған.

Ойға түстім, толғандым,
Өз мінімді қолға алдым.
Мінезіме көз салдым,
Тексеруге ойландым, – деп Абай атамыз жырға қосқандай, ең абзалы қиындықтың бәрін өзгеден көрмей, өз жанымызбен жұмыс істеуіміз керек.

Алла Тағала Құранда: **«Өздеріңді ұнатып, ақтамаңдар. Ол жамандықтан сақтанушының кім екенін өте жақсы біледі»** («Нәжім» сүресі, 32-аят) деп ескертеді. Тағы бір аятта: **«Өздерін ақтағандарды көрмедің бе? Керісінше қалаған адамын Алла өзі пәк етеді»** («Ниса» сүресі, 49-аят) деп пәктеудің Өз қолында екенін ескертеді. Бұл туралы Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Уа, Аллам! Нәпсіме тақуалық беріп, оны тазартқайсың! Сен – оны тазартушылардың ең қайырлысысың. Сен – оның қожайыны әрі жаратушысысың»*** (Мүслим) деп дұға ететін.

Жанның тазаруы нәтижесінде жүрек сау халге жетіп, шынайы жүрекке айналады. Сау жүрек сатысында мынадай үш жағдай байқалады:

1. Ешкімді ренжітпейді. Бұл – тақуа кісінің жағдайы. Жүрек нәпсінің құмарлығынан бойын аулақ ұстайды. Осылайша көркем мінез-құлық пайда болады.

2. Ешкімге ренжімейді. Бұл – махаббат иесінің жағдайы. Күн сәулесіне кедергі болудан, яғни пәнилік мадақ пен өзгенің жамандағанынан ешқандай әсер алмайды, ол үшін ешқандай мәні де жоқ.

3. Дүние пайдасымен ақырет сауабы қарсыласқанда, ақыретті таңдап, Алла разылығы мен дидарын мақсат етеді.

Нәпсі жақсылыққа да, жамандыққа да апаруға қабілеті бар көлік сияқты дәнекер. Содықтан ол – табыс көзі, соңына ерсең, түпсіз құдыққа түсесің. Нәпсіні тазартудың берекеті – дүниеде ештеңе тең келмейтін жоғары дәрежеде көрініс табады. Алла баршамызды жүректі тазалап, құтылушылардан болуымызды нәсіп еткей!

Жанар ҒАРИФОЛЛАҚЫЗЫ

ОРЫС ЖАЗУШЫСЫ ФЕДОР ДОСТОЕВСКИЙДІҢ «ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА» РОМАНЫ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ШЫҒАРМА. АВТОР БАС КЕЙІПКЕР РОДИОН РАСКОЛЬНИКОВТЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ, ЖАСАҒАН ҚАТЕЛІКТЕРІ, ЖАН АРПАЛЫСЫ АРҚЫЛЫ ҚОҒАМНЫҢ БЕТ-БЕЙНЕСІН ДЕ ӘШКЕРЕЛЕГЕН.

ӨМІРШЕҢ ШЫҒАРМА, ӨЛМЕЙТІН ТАҚЫРЫП



Қаржы жетіспеушілігі салдарынан университеттегі оқуынан шығып қалған Родион күйзеліске түседі. Көпқабатты үйдің шатырындағы бөлмесін жалдап тұратын ол құстың ұясындай тар әрі төбесі өте аласа құжырасында бірнеше күн бойы сыртқа шықпай жатады. Ой мүжіп, қалжыраған Раскольниковтың жағдайы нашарлап, есі кіресілі-шығасылы халге дейін құлдырайды. Бас кейіпкердің бар уайымы – «Не істеймін? Болашағым қандай болмақ? Отбасымды қаражат тапшылығынан қалай алып шығамын?». Тығырыққа тіреліп, қиындықтан құтылудың жолын таппаған жігітке студенттердің сағат, сақина, алқа т.б. бағалы мүліктерін қабылдап, қарызға ақша беріп, кейін уәделі уақытта өсіммен қайтарып алатын кемпірді өлтіру жайлы арам ой келеді. Кейуананың үйін тонамақ болған ол барлау ретінде әжейдің тұрғынжайына барып, кепілге зат өткізеді. Сөйтіп азын-аулақ қаржыны алумен бірге ақшаның қай жерде тұратынын да аңдап қайтады. Әйтсе де кемпірдің баспанасынан шыққан соң: «Менің не істемек ойым бар? Бұл не сұмдық?!» – деп өз-өзінен шошып, түршігіп, райынан қайтады. Тұрмыс ауыртпашылығы жанына батқаны болмаса, Родион негізі кісі өлтіретіндей жауыз адам емес. Алайда көп ұзамай өзге губернияда тұратын анасынан хат келіп, Раскольников ақылды әрі әдемі қарындасының, отбасын ақша тапшылығынан құтқару үшін дәулетті, жасы жерортаға жеткен ер адаммен шаңырақ көтермек ниеті бар екенін білген соң, жігіт намыстанып кетіп, зұлым пиғылын жүзеге асыруға бекінеді. Сөйтіп әлгі кемпірді балталап өлтіргеннен кейін, бағалы дүниелер мен ақшаны тонамақ болып, іздеп жатқанда, үйге кейуананың жас сіңлісі келіп қалады да, ол да Родионның қолынан қаза табады. Сөйтіп бір кісіні жер жастандырамын деп барған жігіт екі адамның қанын мойнына жүктейді. Иә, бір күнә басқа күнәға себеп болады деген осы болса керек. Сондықтан жамандық атаулыға мүлде жоламау керек екені анық.

Әжейдің тұрғынжайынан алып кеткен қаражат пен қымбат заттарды Раскольников бәрібір қолданбайды. Біреумірею көріп, қылмысым ашылып қала ма деп қорыққан ол заттай айғақтарды да, ақшаны да үлкен тастың астына тастап, жасырады да, содан кейін қайтып алмайды. Осы орайда байлығы шалқып жатса да, көмекке зәру жандарға жәрдемдеспейтін сараңдар көп елде кісі өлтіру, тонау, ұрлау секілді қылмыстар да жиі болады деп ой түйесің. Өйткені Раскольниковтей көңілі таза әрі талапты жігітке біреу қолдау білдірсе, ол мұндай қылмысты жасар ма еді?! Ал қазір ше? Родион секілді әлдекімнің қолтықтан демегенін күтіп жүрген панасыз жастар аз ба қазір?!.. Тасбауыр қоғам олардың жанын түсінудің орнына әбден ашынып, шарасыздықтан от басқанын күтіп жүре бере ме?!

Родионның қарындасы Авдотья Романовна (Дуня деп те атайды) туралы бір ауыз айтып өтейік. Марфа Петровна есімді бай әйелдің қарамағында үй қызметкері болып жұмыс істеген оған отағасы (Марфа Петровнаның күйеуі) ғашық болып қалады. Мұны білген соң, Марфа Петровна ашуланып, Дуняға жеңіл жүрісті қыз деп жала жауып, айналасына түгел айтып шығады. Бірақ кейін қыздың кінәсіздігі анықталып, үй иесі қатесін түсінеді де, елдімекендегі әр тұрғынжайға жеке-жеке кіріп, Авдотья Романовнаның арлы бойжеткен екенін айтып, оны ақтайды. Көп ұзамай Марфа Петровна қайтыс болады. Өзін кінәлі сезінген ол өлерінің алдында Дуняға мұраға мол ақша қалдырады. Сөйтіп қаржы мәселесі аяқ астынан шешіліп, Авдотья Романовна мен анасы Пульхерия Александровна мұқтаждықтан құтылады. Сонымен қатар Дуня тұрмысқа шықпақ болған ер адам Лужиннің тәкаппар әрі адамгершілігі төмен жан екеніне көзі жетеді де, оған күйеуге тимек ойынан бас тартады.

Әттең, егер Раскольников сәл сабыр еткенде, бәрі басқаша болар ма еді. Оның қарындасы әлгі кісімен онсыз да отау құрған жоқ және отбасы күтпеген жерден мол қаражатқа ие болды. Бірақ жоғарыда жазған нәрселердің бәрі Родион кемпір мен оның сіңлісін өлтіріп қойғаннан кейін орын алған жәйттар еді. Осы тұс арқылы Достоевский шыдамды болуға, сынақтарда сынбауға және Жаратушы әркімге қажетті несібені жібергенше сабыр етуге үндеп тұрғандай.

Екі кісіні балталап өлтірген Раскольников үшін нағыз азап енді басталады. Айналасындағылардың бәрі күмәнмен қарап тұрғандай күй кешкен ол өз көлеңкесінен өзі қорқатын халге жетеді. Істеген сұмдық қылмысы ішіне сыймаған Родион кімге мұң шағарын, кімге сыр ашарын, ішіндегі запыранды кімге ақтарарын білмей, аласұрады. Өзі жер жастандырған кемпір түсіне кіріп, оның елесі тынышын алады. Тергеушілердің әр сөзі, әр қимылынан сескеніп, олар бәрін білетіндей, тек өзімен ойнап жүргендей бойын қорқыныш билейді. Тоқ мысық бірден жей салмай, ойнап, қызықтаған тышқандай сезінеді өзін. Жер бетіне сыя алмай қиналған Родион, тіпті өз-өзіне қол жұмсай жаздайды. Ақыры ар азабына шыдауға шамасы жетпей, бәрін сүйген қызы Соняға айтып береді. Әйтсе де өзін ғашығының алдында сұмдық төмен сезініп, қорланады. Жаны жай таппаған соң, кемпір мен сіңлісін о дүниеге аттандырғанына жарты жыл өткенде, полиция бөлімшесіне барып, қылмысын мойындайды. Расында күнә жасаған адамның жан-дүниесі беймаза хал мен уайымнан арылмаса, рахаттана алмасы хақ.

Сот Родион ісін қарағанда, оның ауыр тұрмыс салдарынан психологиялық күйзеліске ұшырап, сырқаттанғанын ескереді. Сонымен қатар бас кейіпкердің досы Разумихин Раскольниковтің қолы ашық, мейірімді әрі батыл жігіт екенін дәлелдеп береді. Родион университетте оқып жүргенде өзінің жағдайы мәз емес болса да, ауыр дертке шалдыққан курстасына жарты жыл бойы қарайласып, соңғы ақшасын бөлісіп жүріпті. Ал ол қайтыс болғаннан кейін Родион марқұм жолдасының кәрі әкесіне қолынан келгенше жәрдемдесіп, қария көз жұмғанда, денесін жер қойнына тапсырыпты. Бұдан бөлек Раскольников өртеніп жатқан пәтерден екі кішкентай баланы алып шығып, құтқарғаны, өз өмірін қатерге тіккен сол күні күйіп қалғаны да мәлім болады. Анасы салып жіберген азын-аулақ ақшаның бәрін күйеуі ажал құшқан бір кедей, көпбалалы әйелге ойланбай бере салғаны және бар. Байқадыңыз ба, Раскольников – өзі қиналып тұрса да, алдымен өзгелердің қамын ойлайтын көпшіл жан. Мұны елеп-ескерген сот 24 жастағы жігітті 8 жылға Сібірге айдауға үкім шығарады. Ол жақта қатесін түсініп, тәубасына келген Родион қамаудан босап шыққан соң, жаңа өмір бастауға бел буады. Сүйген қызы оның артынан Сібірге еріп барып, рұқсат етілген мерзімде екеуі кездесіп тұрады. Бас қаһарманның аяққа тұрып, өзіне келуіне ғашығының қолдап, жігерлендіруі де әсер еткен еді. Раскольниковтың қарындасы Дуня досы Разумихинге тұрмысқа шығады. Ал шешесі Пульхерия Александровнаға қызы мен күйеу баласы ұлының сотталып, айдалып кеткені жөнінде ештеңе айтпаса да, ана жүрегі бір сұмдықты сезіп, дертке шалдығып, көп ұзамай құсадан сандырақтап жатып қайтыс болады. Шығарманың қысқаша мазмұны – осы.

Достоевский оқырманға әр қателіктің арты өкініш, әр қылмыстың өтеуі жаза екенін ұғындырады. Аяқты аңдап басып, сабырмен қадам жасау керектігін түсіндіреді. Дегенмен Раскольниковтың тағдырын әңгімелеу арқылы жазушы өмірде шалыс қадам жасап, от басқандарға үміт те сыйлайды. Бас кейіпкері қылмыс жасағанмен, кейін қателігін түсініп, жаңа өмір бастауға бел байлады. Сол сияқты әр адам қателеседі және әр адамның қателігін түзетуге, тәубе етуге мүмкіндігі бар.

Бұл ретте қазақ қаламгері Әбіш Кекілбаевтың мына сөзін еске салғанды жөн көрдік: «Өз басым өткенге өкпе жүрмейді деп ойлаймын. Өткенге тек тәубе жүреді деп ойлаймын». Тәубе жөнінде асыл дінімізде де көп айтылған. Мәселен, Алла Тағала қасиетті Құрандағы «Ниса» сүресінің 17-18-аяттарында былай дейді: **«Алланың қабылдаймын деп уәде еткен тәубесі – жамандықты білместікпен істеп алып, одан соң көп ұзамай (өлмей тұрып) түзелген адамның тәубесі. Алла олардың тәубесін қабыл етеді. Ол барлығын біліп тұрады әрі хикметпен іс істейді. Тірлігінде жамандық жасаудан тыйылмай, өлер шаққа келгенде, яғни өлер алдында «енді тәубе етемін» деушілердің тәубесі және кәпір қалпында өлгендердің тәубелері қабыл болмайды».** Сонымен қатар Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбардың мынадай хадисі бар: ***«Адам баласының бәрі қателік жасайды. Солардың ішіндегі ең жақсылары –жасаған қателіктері үшін тәубе ететіндері».***

Сөзіміздің қорытындысында айтарымыз, Достоевский жоғарыда аталған туындысында ғұмырдың ашы-тұщысын ұқтыратындықтан, оның романы – өміршең шығарма, ал көтерген мәселесі – өлмейтін тақырып.

Алпамыс ФАЙЗОЛЛА

Айдарды Жанболат Аупбаев жүргізеді

КҮЗ

Жас қайыңның жапырағы сарғайған,
Ызғырықпен ұшып түсті қалтылдап.
Бақ ішінде шымшық құстар салмайды ән,
Қара қарға жел шақырар қарқылдап.

Бозарыңқы күнгейдегі көк құрақ,
Аунасаң да үстіне ніл жұқпайды.
Қой соңында бүрсеңдеген бөрте лақ,
Сары ешкінің бауырына ықтайды.

Бала шопан қой өргізген ертемен,
Шапанының апты етегін құсырып.
Ширақ басып қойшы мінген кертөбел,
Пысқырады танауынан бу шығып.

Қарағай тұр қанатын буға жайып,
Сұр тазы сүңгіп кетті нуға ғайып.
Сыбанып аңшы жігіт жағада отыр,
Тоқымын кертөбелдің суға шайып.

Жол жатыр төскейге өрлеп, ірілген,
Ақ шабақ шолп етеді ірімнен.
Жас жігіт желбегей тұр қармақ салып,
Жартастың суға төнген биігінен.

КЕШ

Көкжиекке шоғырланып ала бұлт,
Кешкі өңір күңгірт тартып барады.
Тіршілікті құшаққа алып қара ымырт,
Маужыратып ұйқы басты даланы.

Гүлді алаптан бал арасы нәр жиған,
Бар тіршілік бола қалды тым-тырыс.
Әр бұтақтан үн шығарып тырмысқан,
Ұясына қонды барып әнші құс.

Бұлбұл мүлгіп, кетті ұйқыға бақтарда,
Дегендей-ақ тау ұйқысын бұзбалық.
Бақа ғана бақылдайды шатқалда,
Табиғаттың тыныштығын қызғанып.

Тарсыл-гүрсіл небір үнді қоздырып,
Қара бұлт шақпағыңды шақпашы.
Жайлы іңірде алсыншы бір сәл мызғып,
Асқар таулар – тәңірімнің қақпасы.

Уахап ҚЫДЫРХАНОВ

БҰЛ ӨҢІРДІ АЯЛАПТЫ КҮЗ КЕЛІП

Журналист, педагог, аудармашы Уахап Қыдырханов ағамыз ат жалын тартып мінгеннен бастап Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі қазақ ауылдарында мұғалім болған. 1955 жылы атамекені Қазақстанға оралған соң «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» газеттерінде бөлім меңгерушісі қызметін атқарған. Тәуелсіздіктен кейін халықаралық «Шалқар» апталығына басшылық еткен. Газеттің сан салалы қиын да күрделі жұмыстарын абыроймен атқаруының арқасында 3 мәрте Қазақстан Журналистер одағы сыйлығына ие болып, атақты Құран Кәрімнің түсіндірмелі-мағыналық тәржімесін жасаған. Айтайық дегеніміз, қарасөзбен жазған 8 көркем және деректі кітап авторының бір кездерде поэзияға ден қойғаны тіпті қызықты жәйт. Шығармашылық өмірбаянының бастау тұсында Уахап ағамыз өлең жазып, туындылары сол кездегі мерзімдік баспасөзде жарияланып тұрған. Соның белгісі ретінде Уахап Қыдырхановтың 1960 жылы ақын Шәміл Мұхамеджановтың құрастырумен шыққан «Жырға сапар» ұжымдық жинағына кірген өлеңдерін жариялап отырмыз.

Түңлік бауды кең ашқанмен жиырып,
Түрілмеген ақбоз үйдің іргесі,
Таңнан жортар қара төбет бұйығып,
Босағада әлі жатыр, бұл несі?

Төрт мезгілдің жыл айналма кешінен,
Тұрмын бүгін ерекше бір із көріп.
Табиғатқа таңғалайын несін мен,
Бұл өңірді аялапты күз келіп.

ТАУ СУРЕТІ

Жол жатыр төскейге өрлеп, ірілген,
Самсатып қарағайлар бүрін ілген.
...Орманның бір алаңқай иығынан,
Аңшының көзге түсті үйі бірден.

Көк түтін көтерілген көкке шумақ,
Жемтікке үймелейді құзғын шулап.
Аққайыңдар арасын жарып өтіп,
Төменде асау өзен жатыр тулап.

ТҮРМЕДЕ ТУҒАН ЖЫР

ӘБУ НАСЫР АТ-ТАРАЗИ (1896-1977) АРТЫНА САН ҚЫРЛЫ МҰРА ҚАЛДЫРҒАН. СОЛ ҚҰНДЫ МИРАСТЫҢ БІР САЛАСЫ – ПОЭЗИЯЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРЫ. ҒҰЛАМАНЫҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІСІ – «ЯДЕГАР-И ЗЕНДАН Я АЕЙНЕЙЕ ЖАҺАН» («ТҮРМЕ ЕСТЕЛІГІ НЕМЕСЕ ӘЛЕМ АЙНАСЫ»).

Бұл туынды Ауғанстан билігі 1943 жылы Кеңес Одағының нота талабымен осы екінші тараптан майдан ашуға әзірленгені үшін бір топ белсенді адамды тұтқындап, Кабулдан тысқары Демазанг абақтысында отырған құсалы кезде жазылған. 1947 жылдың 6 қыркүйегінде бастап сол жылдың 21 қарашасында аяқтаған. Парсы тіліндегі туындының мазмұндық-тақырыптық басты тіні діни-саяси сарындар деуге болады. «Ядегар-и зендан» («Түрме естелігі») шамамен 4000 бәйітке жуық 8000 жолмен, егіз ұйқаспен, баһру ар-рәмәл уәзінімен өрілген. 192 бөлімге бөлініп, әрқайсысына тақырыптық атау берілген. Негізгі мазмұндық өзегі – түрмедегі ахуал, Аллаға мадақ, пайғамбарлар мен әулиелердің өнегелі жолы, қалыптасқан саяси жағдайлар, дін мәселелері. Шығармада «балақайым (балам)» деп отырғаны – қасында өзімен бірге қамауда отырған 25 жасар үлкен ұлы Насруллаға қарата айтылған көркемдік тәсілі.

Осы туындыға үңілгенде ат-Таразидің парсы поэзиясының классикалық үлгілерін, дәстүрлі қыр-сырларын өте жетік игеріп, қолдана алғанына көз жеткіземіз. Ақынның өзі шығармасының соңында осы мәснәуиді жазуда сопылық поэзияның алыбы Жәләл әд-дин ар-Румидің «Мәснәуи мағнауи», яки «Мағыналық мәснәуи» туындысының қалып-формасына салып тоқығанын атап өтеді. Артына өлместей бай әдеби мұра қалдырған даңқты Руми шығармашылығының шырқау шыңы деп бағаланатын «Мәснәуи мағнауиде» Құран аяттары, ғибратты тәмсілдер мен хикаялар көп келтіріледі. Осындай алуан түрлі сюжеттердің басын біріктіріп тұтастыратын өрімі – қос жолды бәйіттер.

Ат-Тарази мәснәуидің «Мадақ және шүкір» беташар атты бөлімінен кейін Құранның «Оны мадақтамайтын әрі ұлықтамайтын бірде-бір жаратылыс жоқ. Алайда сендер олардың айтқан мадағы мен ұлықтауын түсіне алмайсыңдар» деген «Исра» сүресінің 44-аятын беріп, оны 6 жолмен жырға қосады. Осылайша Құран аяттары «Мадақ және шүкір» бөлімінің басты арқауын құраған.

Келесі «Мінәжат» атты бөлімде құдіретті Аллаға сыйыну, жаратқанға жалбарынып, медет сұрау, көмек күту сарыны кестеленген. Мұнда келтірілген оқиғалардың бәрі ғибратты қиссалардағы адамдардың басынан кешкендерін еске салу арқылы осы тәмсілдерден өнеге алу үгіттеліп, үнделген. Жырда ақынның қараңғы түрмеде томырылып торыққан, шерлі шағындағы ой-толғаныстары зерленген. Басына түскен бақытсыздыққа шыдап, қиын-қыстау күндерде өзін ғана емес, жанындағы қамкөңіл ұлын сарғайса да сағы сынбауға, мұңайса да мұқалмауға өлеңмен қайрайды.



مثنوی
یادگار زندان یا آیینهٔ جهان
و رسالهٔ
"اجمال الکلام فی سیرة الإمام" علی بن حسین بن علی رضی الله عنه
نظم و تألیف
مبلّغ اسلام علامه/ ابو نصر مبشر الطرازی الحسینی
(۱۳۱۴ هق - ۱۳۹۷ هق)
چاپ اوفست از نسخهٔ خطی بخط مؤلف رحمة الله علیه
قاهره: رمضان ۱۴۰۶ ه / می ۱۹۸۶ م

Мінәжатында Жүсіп пен Зылиқа, Әйюб қиссаларын, Немруд пен Ибраһим, Лейлі мен Мәжнүн, Фарһад пен Шырын шым-шытырық шырғаланды хикаяларын мысалдап тілге тиек етіп, өз

> *Жаратушы тыйған әрекеттерге бармау соңында емтиханнан сүрінбей өту – барлық амал Алланы разы етуге арналса, арты жақсылықпен бітеді. Сынаққа төзу, қанша қатер төнсе де тура жолдан айнымау керек, түбінде Алла өзінің сүйікті құлын құтқарады деген имани сенімі бедерленген.*

басына түскен бейнет пен ауыртпалықты ұқсата тұспалдайды. Отанынан жырақта түрмеде сары уайыммен зарығып отырса да мұның бәрі Алланың қалау-ықтиярымен болып жатқандықтан тағдыр тәлкегіне қайыл екенін кестелейді. Атылмыш тәмсілдер сол адамдардың соншалықты қиындыққа душар болғанын еске салу үшін әдейі таңдалған.

Шығармада Алланың жер-көктегі, су астындағы барша құбылыстар мен табиғатты, тірі жандардың күллі әрекетін айна-қатесіз біліп отырған ілім сипатын поэзия тілінде өрнектеген. Мінәжатта Құрандағы ең әсерлі «Жүсіп» сүресіндегі Жүсіптің (оған Алланың сәлемі болсын) Мысырға құл болып сатылған кезіндегі оқиғаны, азын-аулақ ақшаға сатып алып, қожайынына айналған Әзизді еске салып: «Әй, білуші, Жүсіп пен Әзиз сырын» дейді, яғни осы оқиғаның жасырулы жұмбағын Алла біледі, ал жай пенденің білу мүмкіндігінің шектеулі екенін «Исра» сүресінің төмендегі жолдарымен көрсетеді: «Бұл мәселеде сендерге тым аз ілім берілген» («Исра» сүресі, 85-аят). Мәтінде Құран аяттары тірек элементі қызметінде жұмсалады.

Қасиетті кітаптың «Жүсіп» сүресінде баяндалған оқиғада Алла өзіне сүйікті құлдарын бейнетке салып сынайды, осы емтиханда сұлу әйел кейпінде арбаған әзәзілдің жетегінде кетпей, нәпсісіне бой алдырып зина жасауға ұрынудан сақтанған, о дүниенің тозағынан гөрі бұ дүниенің азабын абзал санап түрмеге түсіруді сұрап жалбарынған, абақтының зардабын тартып отырған ең ауыр күндері Аллаға иман келтіріп, оған серік қоспай, ақыретке сенуден, Хақ жолына шақырудан танбаған Жүсіп ақырында Мысыр жерінде биік мансапты иеленеді. Осылайша автор ат-Тарази өзінің де, ұлының да темір торға қамалған күй-жағдайын Жүсіппен тағдырлас сезініп, ұқсастық табады:

Бұл сорлылықта Зылиқада не сыр бар,
Ол барлық іс-шараларды бастан кешкен.

Ақырында жазықсыз жабылған жала айқындалып, әйелдің өз жасағанын мойындаған сөздері берілген:

Жүсіптің әкесі кенжесін жоғалтып қайғы-қасіретке душар болғанда сай сүйегі сырқырап, көзден парлап көлдей боп аққан жастан қос жанарынан айырылса да, қасастық қылған ұлдарына деген көкірегін кернеген ашуын тежеп, әбден күйінсе де іштей тынып сыртқа байқатпайды, ұстамдылық танытып, Аллаға тапсырады, ақырында ұлынан ақжолтай хабар жеткенде тәңірінің жәрдемімен соқыр көзі де көретіндей жағдайға жетеді: **«Хабаршы сүйінші сұрай келіп, жейдені Жақыпты жүзіне жапқанда, көзі бірден ашылды»** («Жүсіп» сүресі, 96-аят).

Әйюбтың құрт бөлесіне азық болғаны неден,
Құрттар үшін сүйкімдінің тауқыметі неден?

«Сонымен қатар, Әйюбті де есіңе ал! Кезінде ол: «Уа, тәңірі! Мына дерт маған ауыр тиді. Сен ең рақымдылардың ең рақымдысысың» («Әнбия» сүресі, 83-аят). «Әнбия» сүресіндегі Әйюб (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбардың жапа шеккенде Раббысына мәніжат етіп, көмек тілеген аятты ауызға алуымен өз басындағы ахуалды аңғартады. Ал келтірілген аяттың жалғасы 84-аяттағы Алланың оның дұғасын қабыл етіп, өзіне, отбасына, бірге болғандарды мейірімін төккен тұс ойға оралады.

Бар дүние-мүлкінен айырылып, балаларын жоғалтса да, аурудан сау жері қалмаса да, Әйюб асқан ұстамдылықпен шыдайды. Бұдан шығатын түйін – қандай қиындық басыңа түссе де мойымай, сынбаған дұрыс. Бұл сынақты жіберуші Алладан тілеу, ақырында қиындықтан құтқарады деген иланымнан айнымау, тәубесінен жаңылмау керек. Ат-Тарази де сәби шағынан жетімдіктен мұңданған, кейін әртүрлі бөлеге ұшырап, шырғаланға түссе де, туған жерден тентіретіп, енді тар түрмеде тарығып отырса да Жаратушысы жазған тауқыметті тағдырға ренжіп, налымайды.

Жаратушының өзінің басына түскен ауыртпалық хал-жайынан хабардар екеніне нық күмәнсіз сенімін Құран сөзімен дәйектейді. Ақын жоғарыда айтып өткеніміздей, ара-арасында Жүсіп (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбардың қиссасын келтіріп отырады. Себебі ақынның сол кездегі жағдайы, яғни зындан қапасында қалуы дәл сол Жүсіп пайғамбардың басынан өткен жағдайына ұқсас еді. Мәснәуидің осы бөлімінде сонымен берге ақын Асмағи мен имам Зәйнұл-Абидиннің қиссасын да келтіреді.

Асмағидің Құран аяттарынан мысал келтіруімен имам Зәйнұл-Абидинге жеңілдік қалағанын айтып, сонымен қатар Нұх (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбармен кемеге отырудан бас тартып, топан судың астында қалған ұлы Кәнғанның қиссасын келтіреді. Кәнған Нұх пайғамбардың ұлы болғанына қарамастан, Құран Кәрімде күпірлік іс жасаған адам ретінде сипатталады. Бұл жерден көретініміз ақыретте ұлы әкесіне, әкесі ұлына пайда келтіре алмайды. Осы қиссаларды келтіргеннен кейін автор имам Зәйнұл-Абидиннің айтып өткен үш сөзін келтіреді, олар: тәухид, яки бір Аллаға сенім, шапағат және рақым.

Жаратушы тыйған әрекеттерге бармау соңында емтиханнан сүрінбей өту – барлық амал Алланы разы етуге арналса, арты жақсылықпен бітеді. Сынаққа төзу, қанша қатер төнсе де тура жолдан айнымау керек, түбінде Алла өзінің сүйікті құлын құтқарады деген имани сенімі бедерленген. Ат-Тарази темір тордың ар жағында да өзінің жасаған әрекетінің дұрыс, мұны Жаратушының басына салған сынағы деп қабылдау арқылы ақырында Алладан жәрдем болатынынан күдер үзбеу нанымын өрнектеген.

ص ۳
بسم الله الرحمن الرحیم
الحمد لله رب العالمین، والصلوة والسلام علی رسوله محمد وآله وصحبه اجمعین،

Мәснәуиде Шығыс шайырларының жырларына өзек болған пайғамбарларға қатысты діни оқиғалар мен қатар махаббат жолында азап тартқан аса танымал кейіпкерлер Немруд пен Ибраһимге байланысты оқиғаны да тілге тиек етуі автордың түрмедегі өзінің шерменде баянына ұқсайды. Өйткені Ибраһим (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбар хақ дінге шақырғанда Немруд оны тірілей отқа тастады, алайда Алланың көмегімен аман қалды. Осы сияқты Ибраһим (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбар мен оның әкесі Әзардың қиссасын келтіреді. Ибраһим пайғамбар (оған Алланың сәлемі болсын) Алладан әкесіне кешірім етуін сұрағанда, Алла Тағала: «Ақиқатында, Алла кәпірлерге жәннатты харам етті», – деген аятты жіберген екен. Шығыс поэзиясында кең жырланған Фархад пен Шырын қиссасын жайданжай ауызға алып отырған жоқ. Қос ғашықтың арасындағы махаббат, жұптасып қосылуға ұмытылысына ғадауат бөгет-кедергілерді, қайғы-қасіреттен жапа шегуін еске түсіреді. Өзі түрмеде зарығып отырса да Аллаға сенімінен, сыйынудан ажырамай, күдікті сейілтіп, бір Жаратушы ғана сүйікті құлына араша түсіп, азаптан құтылуға қол ұшын береді деп толғанады. Әрбір мүмин Алла барлық ісінен хабардар екенін ескере отырып, өз амалдарының, ойының, пейілінің қайтарымын Жаратушының жебеуінен күткені дұрыс. Алладан сұраудағы ең басты нәрсе – адамның өз ойы мен ісіне назар салып, Жаратушының оның барлық амалынан хабардар екендігіне шәк келтірмей, нәпсісін дүниауи және шайтани құмарлыққа кіріптар етпей, іштей де, сырттай да Алла құзырында тұрғандай өз тағдырына басты жауапты өзі екенін сезе білу және ұға білу керектігіне тоқтайды. Аллаға деген шынайы сүйіспеншілік сопылық поэзия машығында жырланады.

Ат-Таразидің пәлсапалық байламы – адамның бұраланды өмірінің шындық ақиқаты – кейде ұтыс, кейде ұтылыс, кейде жеңіс, кейде жеңіліс, кейде үміт, кейде үмітсіздік, кейде жақсылық, кейде жамандық, кейде шаттық, кейде қайғы, кейде тауқымет, кейде жеңілдікпен ұштасса, ауыса келіп, деңгейін бұзып, тым азапты күндерге немесе тым көтеріңкі, рақатты көңілді кездерге алмастырып тұрады. Оның бәрі Құранда айқын көрсетілгендей, адам үшін қалыптасқан әдеттағды болғандықтан, оның ішінде талай сүйіншілейтін оқиғалар орын алып жатады. Ал адам бойын шарпитын үмітсіздік сезімі иманның әлсіздігінен туындайды. Мәснәуидің «Ақиқат» атты бөлімінің тұжырымы – саяси күрес жолына майданда хас дұшпанның қолына түсіп, тас қамауында тұнжырап отырсаң да сәтсіздікке езіліп, бейшарадай қорланып, түңілуге болмайды...

...Тәңірін ақылмен түсініп, тану тұжырымы – «Жаратқан Алла туралы ойланайық» деген бөлімде тебірене жырлаған ат-Тарази Алланың адамзатқа берген хайуаннан басты айыратын артықшылығы «сана» болған соң Жаратушы туралы ақыл таразысына салып ой жүгірту керектігін нықтайды. «Бес сезім мүшесі ақылға қызмет етеді» деген қалыптасқан хауас (түйсік) турасындағы тұжырымды қосады. Шығарма зарыққанда жебеу, тарыққанда демеуші Аллаға шын жан-тәнімен берілген тақуаның еңсесі түсіп езілмеген лирикалық бейнесін көз алдымызға келтіреді. Осылайша түрмеде асқақ рухы түлеп, шабыттанғанда қаламына еркін ерік беріп, көсіледі. Жаралы жүрегін жырмен емдейді.

Ат-Тарази «Құранға жүгіну» атты арнайы бөлімде әділет, еркіндік, басылымның болуы, хақ-құқықтың сақталмауы, халықаралық ынтымақтың болмауы, алауыздық, коммунистік қауіп, бодандық, қызыл орыс – аю, зорлық-зомбылық, соғыстың тұтану қаупі, атом қатері, БҰҰ-ның әлсіздігі т.б. жаһандық мәселелерге шолу жасайды.

Міне, сол кездегі қай елдің болмасын басына туған қиын-қыстау заманнан, тар жол, тайғақ кешулерден өтудің, барлық мүшкіл мәселелерді шешудің жалғыз жолы – Құран Кәрім. Яғни Алланың рақымымен бізге түскен Құран – дүние мен ақыретте бақытты өмір сүру үшін түсірілген, қараңғы түнде бағдар темірқазық болатын, зұлымдықтан нұрға жетелейтін қасиетті кітап, Жаратушының сөзі. Алайда дүние үшін арпалыс, жалпы әлемдік саясатта белең алған астаң-кестең аласапыран пенденің адам екенін ұмыттырып, Құран қағидаларынан қағыс қалдырып отыр.

Бұдан кейін ақын Құран Кәрім жайлы айтып, оның саясат, қоғам, ғылым т.б. салаларды, барлық мәселелерді толықтай қамтитынын айтады. Сонымен қатар еуропалықтардың ажырасу, түрлі аурулардың бірден-бір емі болып табылатын ораза ұстау және ішімдік ішуге тыйым салу сияқты мәселелердегі кейбір үкімдерін Ислам дінінен алғанын айтады. Көптеген мұсылман еместер Құранның мұғжизасын мойындаған. Осы сөзге байланысты ақын Пәкістанның ақиық ақыны әрі ойшылы доктор Мұхаммед Иқбәлдың шақыртуымен 1936 жылдың сәуір айында Лахор қаласында өткен конференцияда «Ислам бірлігінің зәрулігі» тақырыбында сөз сөйлеп, бұл тақырып отыз бес шетелдік тарапынан мойындалып, тақырыптың маңыздылығы айқындалып, қадірі артып, қасиетті Құран барлық қауымдар үшін, қай уақытта, қай жерде болмасын тек жақсылық әкелетінін айтып өтті. Осы жиында әйгілі Бернард Шоудың Ислам діні жайындағы ой-пікірін келтіріп, Батыстың да Ислам дінін жаппай қабылдар күн келетініне бекем сенген.

Дінге бойұсыну адамды ширатады, ширықтырады, ал Құдайдың үкімін орындамау қателікке соқтырады деп санайды. Жаратқан Иені мойындап, оның барын пайымдап, сауап, берекесіне кенелу адам баласына мейірімділік, сүйіспеншілік дарытады деп пайымдайды. Ақын өлеңді темір торда қамаудағы көңіліне демеу, жанына жұбыныш еткенін ескертеді.

Шығарма түйіні ұстамдылықты, сабырлылықты өсиет етіп, бақытқа, жеңіске жеткізуге жәрдемдесетін, тура жолға бастайтын Хақ екенін қайта еске салумен аяқталады.

Автор өз шығармасында әрбір қозғаған тақырыбына жеке айдарлап ат қойып, жүйелі етіп ұсынған. Аталмыш өлең жолдарын оқығанда осы өлең арқылы ақынның бойындағы мықты сенім мен Аллаға деген тәуекелділігі әрі терең діндарлығы мен салиқалы жан екені сезіледі. Ақынның бойындағы бұл қасиеттері оның әрбір өлең жолынан байқалып, айқын көрініс тапқан. Мәселен, оның Түркістанды азат ету жолында бірге қамалған күрескерлерге қарата айтқан сөзін айтып өтуге болады. Түрмеде жанында отырған досжаранын ақын бір Аллаға имандай сеніп әрі Оған ғана сүйеніп, үміт етуге, сонымен қатар жеңіске жеткенше, барынша сабыр сақтап, шыдамдылық танытуға шақырады...

...Ақын келесі кезекте төрткүл дүниедегі жағдайға шолу жасап, сол аумалы-төкпелі мезгілде орын алып жатқан бүліктер мен қозғалыстар, қақтығыстар сияқты шиеліністерді, жаһандық күрделі мәселелерді бағамдайды. Жер бетіндегі әрбір елдің екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ушыққан хал-ахуалына жеке-жеке тоқталып өтеді. Англиядан бастаған ол Черчиль мен оның ұстанған саясатын мінеп, кемшіліктерін тілге тиек етеді. Сөзін Франция елін сипаттаумен жалғастырып келе осы елдегі коммунизмнің әлі де қалғанын, коммунистік партияның әкелетін зиянын айтады. Осы уәжін Италияға да қатысты қайталайды. Балқан елдеріне келер болсақ, мұнда да сол коммунизмнің сын-қатері төніп тұрғанын, коммунизмді жүзеге асыруға басын иіп тұрғанын ескертеді. Қай сөзінде болмасын, ақын әрқашан да сол коммунизмнің таралуынан сақтандыруды көздейді. Одан әрі Қытай мен ол елдегі коммунизмнің орнауы жайында жырлайды. Жоғарыда аты айтылып өткен барлық елдердегі пәлекеттер мен қиындықтардың барлығы да осы коммунизмнің салдарынан деп түйіндейді. Мұндайда оның ойы – діңгегі жоқ дүмбеліз доктрина ат төбеліндей аз ғана наданның ісі дегенге саяды.

Ақын осылайша бүкіл әлемді коммунизм жүйесінен сақтандырып тұрғандай. Туындыда коммунизмді бүкіл халықты, адамзатты шарпып әкететін обаға теңейді, бір мекеннен екінші орынға тез жұғатын ешбір дауасы мен емі жоқ кеселге балайды. Шығыс Еуропада осы індет таралуда, тіпті Америка да коммунизм алдында қауқарсыз, оның өршуіне қарсы тұруда дәрменсіздік байқатуда деп пайымдайды. Осылайша ғұлама әлем елдерін басқа төнген қасірет бұлтынан сақтандыруға әрекеттенеді. Оның айтуынша, «қара бұлт» тек қана дінсіздікке үндейтін коммунизм идеясы ғана емес, сонымен бірге бетімен ауа жайылған Батыс мәдениеті болатын. Бір сөзбен айтқанда, ат-Тарази мәдени басқыншылық тек Ислам елдеріне ғана емес, сонымен қатар тұтас адамзат баласына зарарлы, зардапты екенін өз ойпайымы тұрғысынан өрнектейді. Осыны іске асырса дүниежүзі жеккөрушілік пен көре алмаушылықтан, жамандық пен зұлымдықтан құтылып, жер жүзінде бейбіт заман туар еді. Мұсылмандар өзара бірігіп, бірлесіп, бір-біріне иық тіресіп, арқа сүйеуі керек, себебі ақиқатында Құран бірлікке шақырады. Ғұлама өзі көріп, куә болған коммунизм қатерінен өзгелерді де сақтандырады әрі көпшілікті мұсылман бірлігімен қорғануға шақырады. «Бірлік» деген өлеңінде ол Ислам тарихынан да қозғап, өткен алауыздық бүгінге сабақ болуы керек деп қорытады. Өзі Ханафи мәзһабын тұтынатын ол діндегі сүннит-шейіт арасында қалыптасқан алалыққа да қынжылады.

Шамшәдин КЕРІМ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

(жалғасы бар)

Халқымыз «Ас атасы – нан» деп, нан өнімдерін ежелден ерекше қастерлейді. Қазір тамақтың түр-түрі көбейгені секілді нанның да алуан түрі дүкен сөрелерінде тізіліп тұр. Бірақ сырты, бәлкім құрамы, құнары өзгергенмен қазақ халқы «Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар» деп қастерлейтін нан ұғымы өзгерген жоқ.

БАЙЛЫҚТЫҢ БЕРЕКЕСІН НАННАН ІЗДЕ!

Нанды астың төресіне балайтыны сондай, халқымыздың нақыл сөздерінде, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерінен де ойып тұрып орын алған. Мәселен, «Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті», «Нан бар жерде ән бар», қиын сәттерде, әсіресе студенттік кезеңде бір-біріне демеу болған достардың аузынан «бүтін нанды бөліп, жарты нанды жарып жедік» дегенді жиі естиміз. «Интернатта қара нанды жеп едім» деп басталатын ән, «жұмыс істеп, нан тауып жүр» деген тіркес те етене таныс. Бұл ұлтымыздың нанға деген құрметі болса керек.

Бірақ қазіргі кезде аталы сөздің де, ас атасына деген құрметтің де іс жүзіндегі көрінісі көңіл көншітпейді. Бұған тұтас елімізді айтпағанда, Астана қаласында екі күн сайын 1 тонна нан өнімдерінің қалдығы қоқыс жәшігінен табылып жататыны мысал ретінде жеткілікті. Бұл жөнінде жас кәсіпкер Руслан Убиниязов дабыл қағып жүр. Нан қалдықтарын кәдеге жаратып, төрт-түлікке жем ретінде даярлап, сатумен айналысады. Нан мен ұннан жасалған өнімдердің қалдықтарына арналған 1500-ден астам бөшкені Астана қаласының бірнеше жеріне қойып, төрт-түлікке азық болатын нан қалдығын жинап, әрі қоғамға, әрі қоршаған ортаға пайдасын тигізіп келеді.

Негізгі мамандығы спорт жаттықтырушысы, дегенмен әртүрлі кәсіптің көзін іздеп, бүгінде нан қалдығын өңдеумен айналысып жүрген Руслан Убиниязовтың кәсібін ерлікке, тіпті еріктілердің ісіне балауға болады. Бұлай дейтін себебіміз, қаржылай пайдасын болжасаң да біле алмайтын бұл кәсіпті жолға қою үшін біраз уақыт керек. Ал оған шыдамдының шыдамдысы ғана төзе алмақ. Кәсіп жүргізу былай тұрсын, Русланға көмекші болып келген адамдар бір-екі маршруттан кейін жұмысынан бас тартып жатады екен. Оған себеп – тұрғындардың нан қалдығын салатын бөшкеге ген нандардың сыртындағы полиэтилен пакеттерді жинап, күніне 50-70 келі пакетті пластик зауытына тапсырып отырады.

Обал, сауапты жақсы түсінетін кейіпкеріміз тұрғындардың нанды қоқысқа қосып тастай беретініне қынжылады. Нан қалдықтарына арнап қойылған бөшкеге басқа қоқысты қоса тастап кету мәдениетсіздік деп есептейді.

«Біз алдымен мәдениет, тазалықты үйішімізден бастауымыз керек. Ата-ана үйін, маңайын таза ұстап, қоқысты да жөн-жосықсыз тастамаса, ысырап етпесе және осының бәрін баласына іспен де, сөзбен де жеткізіп отырса дұрыс болар еді. Екіншіден, мектептерде балаларға тәрбие сағаты ретінде түсіндірме жұмыстарын бес минут болса да, аптасына бір-екі рет жүргізіп тұруы керек. Сондай-ақ имамдарымыз, дін қызметкерлері мешітке келген жамағатқа апта сайын айтпаса да, айына бір-екі рет нанның қадірі жайлы насихат айтып тұрса, мұның бәрі әсер етер еді» дейді Руслан Убиниязов.

Ал шет елдерде қоғамдық тәртіп негізінде мәдениет қалыптасқан. Мәжбүрлеудің нәтижесінде тұрғындардың бойында әдет қалыптасып, әдеті мінезге айналған деп есептейді кейіпкеріміз.

Суреттер halyq-uni.kz сайтынан алынды

Шаруашылығымызда ысырапқа қатаң тыйым салынатынын ескерсек, тау-тау болып үйілген тонна-тонна нанның сырауы барын ұмытпаған жөн. Осы орайда ҚМДБ Уағыз-насихат бөлімінің меңгерушісі Батыржан Мансұров нанға қатысты мына бір оқиғаны мысалға келтірді: «Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Алланың құдіретімен Миғражға көтерілгенде оған Қиямет күні болатын кейбір жайттар көрсетілді. Сол кезде Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір кісінің түйеге мініп алып қолындағы инедей жіңішке нәрсемен тастың арасынан бірнәрсе іздеп жүргенін және бір құстың басын шұқып жатқанын көреді. Сөйтіп бұл көрініс Жәбірейіл (оған Алланың сәлемі болсын) періштеден сұрағанында ол: «Бұл адам пәни дүниеде нанның қиқымын бей-берекет шашып жүре беретін және жерде жатса, оған еш мән берместен басып жүре беретін адам болған. Қиямет күні Алла Тағала оған ысырапшылдығы үшін өзі шашқан қиқымды іздетіп қояды және нан қиқымын теруге ерініп басып жүре бергені себепті оның басын әлдебір құсқа шоқытып қояды, – деп жауап береді. Яғни «Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса, баспаңдар» деген бабалар өсиетінің бір мәні осы болса керек».

Сондай-ақ нанның қиқымын теріп жесең, бай боласың дегенді жиі естиміз. Батыржан Берденұлы мұның астарында Ибраһим (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбардың оқиғасы жатыр дейді. Бірде пайғамбарлардың атасы – Ибраһим (оған Алланың сәлемі болсын) мол байлыққа кенеліп, ертеңгі күні сұралам ғой деп қорқып, Алла Тағаладан бай болуының себебін сұрапты. Сөйтіп Алла Тағала оған: «Мен берекені нанның қиқымына жасырып қойғанмын. Ал сен нанның әр қиқымын жейсің, бір түйірі жерге түсіп кетсе де оны аяқасты етпей жинап аласың. Сол үшін саған береке дарып, дәулет, байлық тез бітті», – деп жауап береді.

Жаббар Иеміз қиқымның өзіне мән берген болса, демек нанда сөзсіз береке бар. Аяқасты етсек, жазасы ауыр болмақ. Яғни «Судың да сұрауы бар» демекші, нан да – үлкен нығмет, оның да сұрауы бар. Қорыта айтқанда нанның қадірін білейік, ысырапшылдықтан іргемізді аулақ ұстайық!

Ермұрат ШОПАН

ЕЛ ІШІНЕН ЕКІ СҰРАҚ

«ДӘУІР АЙНАЛДЫРУ» ШАРИҒАТТА БАР МА?

Өлім алдында ауру немесе басқа шариғи себептермен белгілі намаздарды және оразаларды орындай алмаған адам үшін, қайтыс болғаннан кейін оның артында қалған мұрасының 1/3 (үштен бір) бөлігінен підия беріледі. Алайда оның әлеуметтік жағдайы төмен болып, артында ешбір дүние қалмаған болса, оған дәуір айналдыруға кейбір ғалымдар рұқсат береді.

Дәуір айналдыру – қайтыс болған адамның жаназасы кезінде жасалатын діни рәсім. Сол арқылы марқұмның күнәсін жеңілдетуге немесе күнәсінен арылтуға үміттенеді.

Ислам дінінде дәуір айналдыру «шариғи айла» мәселелері қатарына кіреді. Дәуір жүргізу рәсімін орындау кезінде мәйіттің бір жағында молда, басқа жағында оның иесі отырады. Өлген адамның балиғат жасынан бастап оқымаған намазы, ұстамаған оразасы есептеледі. Сөйтіп сол ғибадаттардың підиясын беруді айла арқылы жүзеге асырады. Яғни мәйіт үшін берілген підияны иесіне садақа етіп қайтарады. Оны тағы підия етіп береді. Мәйіттің оқымаған намазы, ұстамаған оразасы үшін підиясы толық өтелгенге дейін дәуірді солай айналдыра береді.

«Фәтәуа Һиндия» кітабында былай келтіреді: «Бір адам дүниеден өтіп, оның оқымаған намаздары болса және сол намаздардың каффаратын (төлемін, підиясын) беру туралы өсиет айтса, оның артында қалған мал-дүниесінің 1/3 бөлігінен әрбір оқымаған парыз және үтір намаздары, сондай-ақ ұстамаған әр күннің оразасы үшін жарты сағ (шамамен 2 кг) бидай беріледі. Өлген кісінің артында ешбір мал-дүние қалмаса, мұрагерлері жарты сағ бидайды қарызға алып бір кедей-кепшікке мәйіттің підиясы ретінде береді. Сосын әлгі кедей адам алған підияны мұрагерлерінің біріне садақа етіп қайтарады. Мұрагер оны тағы підияға береді, сосын және... тіпті барлық

намазы үшін беріп біткенше» делінген. Хуласа кітабында да осылай айтылған» («Фәтәуа Һиндия», 1/184).

Демек бұл жағдай қайтыс болмас бұрын белгілі себепке байланысты намазын немесе оразасын орындай алмаған, сондай-ақ оның підиясын беруге малдүниесі жоқ кісілерге ғана рұқсат етілген. Алайда көпшілік ғалымдардың көзқарасы бойынша дәуір айналдыруды барлық кісілер үшін ереже етіп алу дұрыс емес.

Бүгінгі уақытта дәуір айналдыру қалалық елдімекендерде тиісті жағдайдың жоқтығынан атқарылмағанымен, кейбір ауылдық жерлерде ғана өзінің дәстүрлі қалпын әлі сақтап отыр. Алайда дәуір айналдыру шариғатта орындалуы міндетті діни рәсім болып саналмайды.

КЕЛІННІҢ СӘЛЕМ САЛУЫ ШИРК ПЕ?

Ертеден келе жатқан сәлем салу дәстүрі – қазақ келіндерінің үлкенге деген сый-құрметінен туған әдептілік белгісі. Сәлем салған келінге үлкендер де «бақытты бол», «көп жаса» деп жауап қайтарып, ризашылығын білдіреді. Осылайша бұл үрдіс отбасындағы сыйластыққа жол ашып, оны одан әрі күшейте түседі.

Иіліп сәлем салу әрекеті ширкке (Құдайдан басқаға табынуға) жатпайды. Себебі иіліп сәлем салған кезде ешкім «Алланы тастап пендеге құлшылық етіп жатырмын» деп ойламайды.

Анас ибн Маликтен (Алла оған разы болсын) жеткен хадисте: «Бір кісі: «Уа, Алланың елшісі! Бізден бір адам өз бауырын немесе досын кездестіргенде, оған иіліп сәлем сала ма?», – деді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Жоқ», – деді. «Оны құшақтап (бетінен) сүйе ме?» – деп тағы сұрақ қойды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Жоқ», – деді. «Ал қолын ұстап амандаса ма?» – деді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Иә», – деп жауап берді», – делінген (Термизи).

Ғалымдар осы хадистегі «инхинаъ» (иіліп сәлем салу) деген сөзді намаздағы рукуғ секілді иілу деп түсіндіреді. Осыған орай көпшілік фиқһ ғалымдары: «Бір адам Алланы қалай ұлықтаса, сондай ұлықтау ниетімен басқа бір адамға намаздағы рукуғ көрінісінде иіліп тағзым етсе, харам іс істеген болады», – деп пәтуа айтқан. Ал құлшылықты ниет етпей, бірақ намаздағы рукуғ дәрежесінде иіліп сәлемдесу – макрүһ. Алайда басын иіп немесе рукуғ дәрежесіне

жеткізбей аз ғана иіліп сәлемдесу күнә болып есептелмейді.

Қазақ келіндерінің иіліп сәлем салуындағы ниеті құлшылық емес, ол тек құрмет көрсетуді білдіреді. Сондықтан оны «харам» немесе «ширк» деп айту негізсіз. Дегенмен сәлем салғанда оны намаздағы рукуғ дәрежесіне жеткізбей орындау абзал әрі сәлемдесу әдебіне сай болмақ. Сондай-ақ еліміздің әр өңірінде бұл дәстүр әрқилы орындалса да, ең бастысы әрі маңыздысы – сәлем салудағы шын ниет.

Дайындаған Хасан АМАНҚҰЛ

Munara
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми газеті
Меншік иесі: «Munara gazeti» ЖШС

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ (төраға)
Ершат ОҢҒАР
Кенжеәлі МЫРЗАБАЕВ
Сансызбай ҚҰРБАНҰЛЫ
Марат БЕКТАЗИНОВ
Смайыл СЕЙТБЕКОВ
Батыржан МАНСҰРОВ
Нұрлан ҚАЙЫРБЕКОВ
Жәнділлә БЕКЖІГІТОВ
Марат ЖАППАСБАЕВ
Ерболат ЖҮСІПОВ
Бақдәулет АБДРАХМАНОВ
Төлеби ОСПАН
Қуаныш СӘБИТ
Серікжан ЕНШІБАЙҰЛЫ
Алтынбек ҰТЫСХАН
Бейбіт ӘЛІПБЕКҰЛЫ
Естай АЙТУҒАНҰЛЫ
Болатбек ҰЛАСҚАНҰЛЫ
Бахытбек ТӘЖІМБЕТ
Әнуар ЕЛЖАНОВ
Бақытжан ҚҰРАЛБАЙҰЛЫ
Жолдас ҚОСПАҚҰЛЫ
Хамзат ҚАЖЫМҰРАТҰЛЫ
Еркебұлан ҚАРАҚҰЛОВ
Мадияр ПІРІМҚҰЛОВ
Ермек МҰҚАТАЙ
Асқар МҰҚАНОВ
Алмас ДАНАҒҰЛОВ
Елдос ЖҰМАДІЛДА

Директор – Мұрат МАНАПҰЛЫ
Бас редактор – Серікбол ХАСАН
Шеф редактор – Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ
Шариғи редактор – Хасан АМАНҚҰЛ
Жауапты хатшы – Елдар ҚАБА
Фототілші – Қайсар ТҰРЛЫБЕКОВ

Редакцияның мекенжайы:
Нұр-Сұлтан қаласы, Қарасаз, 3
«Munara» газетінің редакциясы
Пошта: munara@muftyat.kz
Телефон: 8 (7172) 999866
Жазылу индексі: 64747
Газет айына 2 рет шығады
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 08.10.2019 жылы тіркеліп, №KZ26VPY00015760 куәлігі берілген.

«Munara» газеті редакциясының компьютерлік орталығында беттелді.
ТАРАЛЫМЫ – 30 000
Тапсырыс: №73
Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй, «Дәуір» РПБК ЖШС
Тел: 8 (727) 273-50-53
Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Басылымда Алла Тағаланың есімі мен Құран аяттары жазылғандықтан, газетті аяқасты етпеулеріңізді сұраймыз.